Эукариоттардың клетка мембранасында үш  $\text{Ca}^{2+}$ -тасымалдау жүйесі бар: кальций каналдары, АТФ-аза және  $\text{Na}^+/\text{Ca}^{2+}$ -алмастырғыш.  $\text{Ca}^{2+}$  иондарының экстрацеллюлярлы ортадан клетка ішіне енуі плазмалық мембрананың  $\text{Ca}^{2+}$ -каналдары арқылы концентрация градиенті бойынша жүреді, ал олардың "шығарылуы" плазмалық мембрананың  $\text{Ca}^{2+}$ -АТФ-азасымен және  $\text{Na}^+/\text{Ca}^{2+}$ -алмастырғышымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар,  $[\text{Ca}^{2+}]_i$  тұрақтылығын сақтауға эндоплазмалық тордың  $\text{Ca}^{2+}$ -АТФ-азасы және митохондрияның  $\text{Ca}^{2+}$ -тасымалдаушы жүйелері де қатысады.

Клетка сыртынан  $\text{Ca}^{2+}$  иондарының клетка ішіне енуі плазмалық мембранада орналасқан  $\text{Ca}^{2+}$  каналдарымен реттеледі, олар активацияға жауап ретінде ион-спецификалық саңылаулар түзеді және  $\text{Ca}^{2+}$  иондары клетка ішіне концентрация градиенті бойынша енгізіледі.  $\text{Ca}^{2+}$ -каналдарының классификациясы олардың реттеуші механизмдеріне негізделген және қазіргі уақытта иондық каналдардың келесі түрлері анықталған – лиганд-тәуелді (LGIC), потенциал-басқарылатын (VGCC), G-белокпен басқарылатын (GPCR), депо-басқарылатын (SOC) және екінші реттік мессенджерлермен активтенетін (SMOC)  $\text{Ca}^{2+}$ -каналдар [38].

Плазмалық мембрананың шынайы лиганд-тәуелді каналдарының тобына ион өткізетін канал қызметін атқаратын немесе каналдың құрылымымен тікелей өзара әсерлесіп оны іске қосатын рецепторлар жатады. Шынайы лиганд-тәуелді каналдарға никотин, ацетилхолин рецепторлары, глутаматтың ионотропты рецепторлары және аденин нуклеотидтерімен активтенетін каналдар (P2-пуринорецепторлар) жатады.

Екінші реттік мессенджерлермен іске қосылатын  $\text{Ca}^{2+}$ -каналдар тобына екінші реттік мессенджерлердің көмегімен активтенетін каналдар (second messenger-operated channels – SMOC) жатады. Инозит-1,4,5-трифосфат, инозит-1,3,4,5-тетракифосфат,  $\text{Ca}^{2+}$  иондары және циклдік нуклеотидтер (сGMP және cAMP) жоғарыда аталған каналдардың активаторлары болуы мүмкін [38].

Каналдардың үшінші түрі – G-белоктармен басқарылатын каналдар (GPCR), олардың активтенуі

G-белогы мен рецепторлардың тікелей жұптасуы арқылы жүреді.

Потенциал-басқарылатын каналдар (VOC) алғаш рет электр қоздырғыш клеткаларда анықталды. Олар тыныштық потенциалында (-70-80 мВ) белсенді емес күйде болуымен сипатталады, ал потенциалдың оң мәнді аймаққа ауысуы (деполяризация) олардың активациясына әкеледі. VOC-дың бірнеше түрлері бар: L-, T-, N- және P-типті каналдар. L-типті  $\text{Ca}^{2+}$ -каналдар (long-lasting, ұзақ өмір сүретін) барлық электр қозғыш және қозбайтын клеткалардың басым көпшілігінде кездеседі, бұлар мембрана арқылы  $\text{Ca}^{2+}$  иондарының ұзақ ағымын қамтамасыз етеді [39]. T-типті каналдардың активтенуі (T символы transient дегенді білдіреді, яғни қысқа мерзімді) жылдам  $\text{Ca}^{2+}$ -ағынын компонентін құруға қатысады, мембрананың теріс потенциалымен жүреді және L-типті каналдармен салыстырғанда олар тез инактивацияланады. Сондай-ақ, нейрондарда N-типті  $\text{Ca}^{2+}$ -каналдар (N символы нейрон дегенді білдіреді) анықталған, олар потенциалдың күрт теріс мәндерінен клетка мембранасының жылдам деполяризациясы кезінде іске қосылады. Бұл каналдар, P-типті каналдар сияқты (P символы олардың ең алғаш рет Пуркинью нейронынан табылғандығын білдіреді) нейрондарға нейротрансмиттердің секрециясын реттеу үшін қажет [40].

Эндоплазмалық тор – бұл клеткаішілік  $\text{Ca}^{2+}$ -депосы, ол экстраклеткалық тітіркендіргіштерге жауап ретінде  $\text{Ca}^{2+}$  иондарын цитозольге шығаруға қабілетті, ал  $\text{Ca}^{2+}$  мобилизациясынан кейін қорды қайта толтыру клеткалардың қалыпты қызметі мен тіршілігі үшін маңызды шарт [33]. Депо-басқарылатын  $\text{Ca}^{2+}$  кірісі (store-operated  $\text{Ca}^{2+}$ -entry, SOCE) ЭПТ-дағы  $\text{Ca}^{2+}$  қорын толықтырады,  $\text{Ca}^{2+}$  тұрақты келіп отыруы эукариоттық клеткалардағы көптеген маңызды функцияларды қамтамасыз етеді, соның ішінде, экзоцитозды, ферментативті белсенділікті (глюкозаның алмасуы, NO және cAMP синтезі), қан тамырларының тарылуы мен кеңеюін,  $\text{Ca}^{2+}$ -осцилляцияны, гендік транскрипцияны, жасушалық циклді мен апоптозды реттейді [41].


Клеткаішілік деполардан плазмалық мембранадағы каналдарға сигнал берілудің 2 негізгі гипотезасы бар: 1) ЭПТ босағанда STIM1/Orai1 белоктарының активациясы арқылы [42] және 2) диффузиялық мессенджер арқылы – кальцийдің кіру факторы (calcium influx factor (CIF)), ол  $\text{Ca}^{2+}$ -допалары босаған уақытта өндіріледі және плазмалық мембранадағы каналдарды ашады [43].

Эндоплазмалық тор депосынан  $\text{Ca}^{2+}$  босап шығуы клеткаішілік  $\text{Ca}^{2+}$ -рецептор-каналдарымен (IP3 және рианодинді – RyR рецепторларымен) қамтамасыз етіледі және жоғарыда аталған түрлі  $\text{Ca}^{2+}$ -тасымалдаушы иондық каналдар арқылы клетка сыртындағы  $\text{Ca}^{2+}$  кіруімен қатар жүреді. Нерв клеткаларында эндоплазмалық тор жақсы дамыған құрылым. Нейрондардың ЭПТ желісінде кальций сигнализациясында көптеген функцияларды орындайтын IP3 рецепторларымен қатар рианодин рецепторлары (RyR) да бар. IP3 рецепторларының ең жоғары концентрациясы нейрондың өсінділері мен



ұштарында, ал RyR – нейрондардың денесінде болатындығы анықталған. Сигнал трансдукциясының фосфоинозиттік жүйесі микротубулында жақсы дамыған, оны IP3 түзілуін активтендіруге қабілетті көптеген рецепторлардың экспрессиясынан байқауға болады. Нейрондардағы IP3 рецепторларының активациясы синапстық серпімділіктің қалыптасуына ықпал етеді, сонымен қатар IP3 концентрациясының аз мөлшерде жоғарылауы IP3 рецепторының кальцийге сезімталдығын арттырады, сәйкесінше цитоплазманы қозған күйге келтіреді және  $Ca^{2+}$ -толқындарының пайда болуына ықпал етеді. Нейрондардағы рианодинді рецепторлар нейротрансмиттерлер секрециясында аса маңызды рөл атқарады. RyR миниатюралық постсинапстық токтың (мПСТ)

жиілігі мен амплитудасын реттейтіндігі көрсетілген [44]. Нейрондарда сыйымдылығы ең жоғары  $Ca^{2+}$ -депосының рөлін митохондрия атқарады және ол  $Ca^{2+}$  айтарлықтай көп мөлшерін жинақтап алады [13, 31]. Митохондриялардың  $Ca^{2+}$  ұстап қалуы потенциал-тәуелді унипортер арқылы немесе митохондрияның  $Na^{+}/Ca^{2+}$ -алмастырғышының реверсиясының нәтижесінде жүзеге асырылады [45-47]. Алайда, митохондрияның деполяризациясы жағдайында бұл механизмдер реверсивті күйге ауысуы мүмкін. Цитоплазмадағы және эндоплазмалық тордағы  $Ca^{2+}$ -байланыстырушы белоктар  $Ca^{2+}$  үшін шағын қосымша буферлік сыйымдылықты қамтамасыз етеді.



Сурет 2 –  $[Ca^{2+}]_i$  мөлшерінің шамадан тыс артып кетуінің зардаптары

$[Ca^{2+}]_i$  жоғарылауы әртүрлі клеткалық механизмдердің, соның ішінде фосфолипаза A2, кальпаиндердің, әртүрлі каспазалар мен эндонуклеазалардың, сондай-ақ  $Ca^{2+}$ -тәуелді протеинкиназалдың активациясына әкеледі (сурет 2) [48]. Нәтижесінде бұл митохондрияның, цитоқаңқаның, ДНҚ-ның, плазмалық мембрананың зақымдалуына әкеледі, NO және бос радикалдардың (соның ішінде оттегінің белсенді түрлерінің) өндірісі артады, pH төмендейді (ацидоз), жасушалардың осмотикалық ісінуі дамиды [28, 49]. Ақыр соңында

клеткалар апоптоз немесе некроз нәтижесінде тіршілігін тоқтатады [24]. Қорыта келе, клеткадағы  $Ca^{2+}$ -гомеостазын ұстап тұру және олардың қалыпты тіршілік процестерін қамтамасыз етуде клеткаішілік сигнализация механизмдері, клетка құрамындағы көптеген клеткаішілік ферменттер мен плазмалық мембрананың белоктары қызмет атқарады. Кальцийлік сигнализацияның бір немесе бірнеше механизмдерінің бұзылуы немесе гиперактивациясы клеткалардың зақымдалуына және компенсаторлық механизмдер болмаған жағдайда олардың өліміне



әкелуі мүмкін. Клеткаішілік  $Ca^{2+}$  жинақталуының ерекше патогенетикалық маңызы да бар, ол оның  $Ca^{2+}$ -тәуелді протеазаларды, фосфолипазаларды, протеинкиназаларды, плазмогендерді, гуанилатциклазаларды, NO-синтазаларды, эндонуклеазаларды активтендіру есебінен бірқатар катаболизмдік процестерді ынталандыруға қатысуына байланысты екендігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар,  $Ca^{2+}$  иондары митохондрия матриксінде жиналып, тотыға фосфорлану процесін күшейте отырып оттегінің белсенді формаларының өндірісін жоғарылатады.  $[Ca^{2+}]_i$  жоғары концентрациясы бос радикалдардың әсерімен және АТФ жетіспеушілігімен бірге митохондриядағы мембраналық өткізгіш саңылаулардың пайда болуына ықпал етеді, бұл цитозольге цитохром С және басқа проапоптоздық факторлардың босап шығарылуына және апоптоздың басталуына әкеледі [50-52].

Ми клеткаларында  $Ca^{2+}$  иондары транзиттерлердің секрециясы, қозғыштық, синапстық серпімділік, гендердің транскрипциясы сияқты тіршілік үшін маңызды функцияларды реттеуде шешуші рөл

атқарады. Клеткаішілік кальций иондары концентрациясының өзгеруі сигналдардың, соның ішінде клетка дисфункциясы мен өліміне әкелетін патологиялық сигналдардың трансдукциясының бірқатар жолдары үшін күшті активациялық стимул болып табылады.  $[Ca^{2+}]_i$  патологиялық жоғарылауы цитозольдік  $Ca^{2+}$  иондарының клетка сыртындағы және клеткаішілік кеңістіктерде тасымалдануының бұзылуына [53], клеткаішілік кальций-байланыстырушы белоктардың сыйымдылығының сарқылуына [54] немесе потенциал-тәуелді кальций каналдары [55] мен глутаматтың ионотропты рецепторлары [56] арқылы сырттан  $Ca^{2+}$  енуінің активациясына байланысты пайда болуы мүмкін. Ал  $[Ca^{2+}]_i$  глобальді жоғарылауы митохондриялық дегидрогеназалардың активациясына, I кешенінің тежелуіне әкеледі, оттегінің белсенді формаларының өндірісін күшейте отырып тотығу стрессінің пайда болуына әкеледі [57]. Кальций дисрегуляциясының маңызды компоненттерінің бірі - клетка ішіне  $Ca^{2+}$  иондарының глутамат ионотропты рецепторлары, атап айтқанда кальций-өткізуші NMDAR, AMPAR және KAR арқылы басқарусыз енуі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Wang Y., Qin Z. Molecular and cellular mechanisms of excitotoxic neuronal death // *Apoptosis*. - 2010. - Vol. 15, №11. - P. 1382-1402.
- 2 Kinawy A.A., Ezzat A.R., Al-Suwaigh B.R. Inhalation of air polluted with gasoline vapours alters the levels of amino acid neurotransmitters in the cerebral cortex, hippocampus, and hypothalamus of the rat. // *Exp. Toxicol. Pathol.* - 2014. - Vol. 66, № 5-6. - P. 219-224.
- 3 Han J., Wan H.-T., Yang J.-H., et al. Effect of ligustrazine on levels of amino acid neurotransmitters in rat striatum after cerebral ischemia-reperfusion injury. // *J. Asian Nat. Prod. Res.* - 2014. - Vol. 16, №11. - P. 1060-1067.
- 4 Kostic M., Zivkovic N., Stojanovic I. Multiple sclerosis and glutamate excitotoxicity // *Rev. Neurosci.* - 2013. - Vol. 24, №1. - P. 71-88.
- 5 Zhou Y., Danbolt N.C. Glutamate as a neurotransmitter in the healthy brain // *J. Neural Transm.* - 2014. - Vol. 121, №8. - P. 799-817.
- 6 Plitman E., Nakajima S., et al. Glutamate-mediated excitotoxicity in schizophrenia: A review // *Eur. Neuropsychopharmacol.* - 2014. - Vol. 24, №10. - P. 1591-1605.
- 7 Gudiño-Cabrera G., Ureña-Guerrero M.E. et al. Excitotoxicity Triggered by Neonatal Monosodium Glutamate Treatment and Blood-Brain Barrier Function // *Arch. Med. Res.* - 2014. Vol. 45, № 8. - P. 653-659.
- 8 Verkhratsky A., Kirchhoff F. NMDA Receptors in Glia // *Neuroscience*. - 2007. - Vol. 13, №1. - P. 28-37.
- 9 Gerkau N.J., Rakers C., Petzold G.C., Rose C.R. Differential effects of energy deprivation on intracellular sodium homeostasis in neurons and astrocytes // *J. Neurosci. Res.* - 2017. - Vol. 95, № 11. - P. 2275-2285.
- 10 Kostandy B.B. The role of glutamate in neuronal ischemic injury: The role of spark in fire // *Neurol. Sci.* - 2012. - Vol. 33, №2. - P. 223-237.
- 11 Nicholls D.G., Ward M.W. Mitochondrial membrane potential and neuronal glutamate excitotoxicity: Mortality and millivolts // *Trends Neurosci.* - 2000. - Vol. 23, №4. - P. 166-174.
- 12 Abramov A.Y., Duchon M.R. Impaired mitochondrial bioenergetics determines glutamate-induced delayed calcium deregulation in neurons // *Biochim. Biophys. Acta - Gen. Subj.* - 2010. - Vol. 1800, №3. - P. 297-304.
- 13 Duchon M.R. Mitochondria, calcium-dependent neuronal death and neurodegenerative disease // *Pflügers Arch. - Eur. J. Physiol.* - 2012. - Vol. 464, №1. - P. 111-121.
- 14 Orrenius S., Zhivotovsky B., Nicotera P. Regulation of cell death: the calcium-apoptosis link. // *Nat. Rev. Mol. Cell Biol.* - 2003. - Vol. 4, № 7. - P. 552-565.
- 15 Mattson M.R. Calcium and neurodegeneration // *Aging Cell.* - 2007. - Vol. 6, №3. - P. 337-350.
- 16 Keelan J., Vergun O., Duchon M.R. Excitotoxic mitochondrial depolarisation requires both calcium and nitric oxide in rat hippocampal neurons // *J. Physiol.* - 1999. - Vol. 520, №3. - P. 797-813.
- 17 Vergun O., Keelan J., Khodorov B.I., Duchon M.R. Glutamate-induced mitochondrial depolarisation and perturbation of calcium homeostasis in cultured rat hippocampal neurones // *J. Physiol.* - 1999. - Vol. 519, №2. - P. 451-466.
- 18 Cano-Abad M.F., Villarroya M., et al. Calcium Entry through L-type Calcium Channels Causes Mitochondrial Disruption and Chromaffin Cell Death // *J. Biol. Chem.* - 2001. - Vol. 276, №43. - P. 39695-39704.
- 19 Yagami T., Ueda K., Sakaeda T., et al. Protective effects of a selective L-type voltage-sensitive calcium channel blocker, S-312-d, on neuronal cell death. // *Biochem. Pharmacol.* - 2004. - Vol. 67, №6. - P. 1153-1165.
- 20 Dolgacheva L.P., Tuleukhanov S.T., Zinchenko V.P. Participation of  $Ca^{2+}$ -Permeable AMPA Receptors in Synaptic Plasticity // *Biochemistry, Supplement Series A: Membrane and Cell Biology.* - 2020. - Vol. 14, №3. - P. 194-204.
- 21 Bano D., Young K.W., Guerin C.J., et al. Cleavage of the Plasma Membrane  $Na^+/Ca^{2+}$  Exchanger in Excitotoxicity // *Cell.* - 2005. - Vol. 120, №2. - P. 275-285.
- 22 Brini M., Carafoli E. The Plasma Membrane  $Ca^{2+}$  ATPase and the Plasma Membrane Sodium Calcium Exchanger Cooperate in the Regulation of Cell Calcium // *Cold Spring Harb. Perspect. Biol.* - 2011. - Vol. 3, №2. - P. a004168-a004168.
- 23 Kiedrowski L. NCX and NCKX Operation in Ischemic Neurons // *Ann. N. Y. Acad. Sci.* - 2007. - Vol. 1099, №1. - P. 383-395.



- 24 Hefter D., Draguhn A. APP as a Protective Factor in Acute Neuronal Insults. // *Front. Mol. Neurosci.* - 2017. - Vol. 10. - P. 22.
- 25 Love S. Apoptosis and brain ischaemia // *Prog. Neuro-Psychopharmacology Biol. Psychiatry.* - 2003. - Vol. 27, №2. - P. 267-282.
- 26 Turovskaya M.V., Turovsky E.A., Zinchenko V.P., et al. Repeated brief episodes of hypoxia modulate the calcium responses of ionotropic glutamate receptors in hippocampal neurons // *Neurosci Lett.* - 2011. - Vol. 496. - P.11-14.
- 27 Turovsky E.A., Blinova E.V., Semeleva E.V., Zinchenko V.P., et al. Aminoethane sulfonic acid magnesium salt inhibits  $Ca^{2+}$  entry through NMDA receptor ion channel in vitro // *Bull Exp Biol Med.* - 2018. - Vol.166, №1. - P.39-42.
- 28 Forder J.P., Tymianski M. Postsynaptic mechanisms of excitotoxicity: Involvement of postsynaptic density proteins, radicals, and oxidant molecules // *Neuroscience.* - 2009. - Vol. 158, №1. - P. 293-300.
- 29 Manzanero S., Santro T., Arumugam T.V. Neuronal oxidative stress in acute ischemic stroke: Sources and contribution to cell injury // *Neurochem. Int.* - 2013. - Vol. 62, № 5. - P. 712-718.
- 30 Nicholls D.G. Oxidative Stress and Energy Crises in Neuronal Dysfunction // *Ann. N. Y. Acad. Sci.* - 2008. - Vol. 1147, № 1. - P. 53-60.
- 31 Nicholls D.G., Budd S.L. Mitochondria and neuronal survival. // *Physiol. Rev.* - 2000. - Vol. 80, № 1. - P. 315-360.
- 32 Khodorov B. Glutamate-induced deregulation of calcium homeostasis and mitochondrial dysfunction in mammalian central neurones // *Prog. Biophys. Mol. Biol.* - 2004. - Vol. 86, №2. - P. 279-351.
- 33 Berridge M.J., Bootman M.D., Roderick H.L. Calcium signalling: Dynamics, homeostasis and remodelling // *Nat. Rev. Mol. Cell Biol.* - 2003. - Vol. 4, №7. - P. 517-529.
- 34 Blaustein M.P. Livin' with NCX and Lovin' It: A 45 Year Romance // *Advances in experimental medicine and biology.* - 2013. - Vol. 961. - P. 3-15.
- 35 Syntichaki P., Tavernarakis N. The biochemistry of neuronal necrosis: rogue biology? // *Nat. Rev. Neurosci.* - 2003. - Vol. 4, №8. - P. 672-684.
- 36 Brittain M.K., Brustovetsky T., Sheets P.L., et al. Delayed calcium dysregulation in neurons requires both the NMDA receptor and the reverse  $Na^{+}/Ca^{2+}$  exchanger // *Neurobiol. Dis.* - 2012. - Vol. 46, №1. - P. 109-117.
- 37 Berridge M.J., Lipp P., Bootman M.D. The versatility and universality of calcium signalling. // *Nat. Rev. Mol. Cell Biol.* - 2000. - Vol. 1, №1. - P. 11-21.
- 38 Shad K.F., Salman S., Afridi S., Tariq M., Asghar S. Introductory Chapter: Ion Channels, Ion Channels in Health and Sickness // *IntechOpen* - 2018. - P. 1-8.
- 39 Feng T., Kalyanamoorthy S., Barakat K. L-Type Calcium Channels: Structure and Functions, Ion Channels in Health and Sickness // *IntechOpen.* - 2018. -P. 14-19.
- 40 Simms B.A., Zamponi G.W. Neuronal voltage-gated calcium channels: structure, function, and dysfunction // *Neuron* - 2014. - Vol. 82, №1. - P.24-45.
- 41 Avila-Medina J., Mayoral-Gonzalez I., et al. The complex role of store operated calcium entry pathways and related proteins in the function of cardiac, skeletal and vascular smooth muscle cells // *Front Physiol.* - 2018. - Vol. 9. - P. 257.
- 42 Giachini F.R., Lima V.V., Hannan J.L., et al. STIM1/Orai1-mediated store-operated  $Ca^{2+}$  entry: the tip of the iceberg // *Braz J Med Biol Res.* - 2011. - Vol. 44, №11. - P.1080-1087.
- 43 Turovskaya M.V., Babaev A.A., Zinchenko V.P., et al. Sip-1 mutation causes a disturbance in activity of NMDA- and AMPA-, but not kainate receptors of neurons in cerebral cortex // *Neurosci. Lett.* - 2017. - Vol. 650. - P.180-186.
- 44 Simkus C.R., Stricker C. The contribution of intracellular calcium stores to mEPSCs recorded in layer II neurones of rat barrel cortex // *J Physiol.* - 2002. - Vol. 545, №2. - P. 521-535.
- 45 Foskett J.K., Philipson B. The mitochondrial  $Ca^{2+}$  uniporter complex // *J. Mol. Cell. Cardiol.* - 2015. - Vol. 78. - P. 3-8.
- 46 Marchi S., Pinton P. The mitochondrial calcium uniporter complex: molecular components, structure and physiopathological implications // *J. Physiol.* - 2014. - Vol. 592, №5. - P. 829-839.
- 47 Kim B., Matsuoka S. Cytoplasmic  $Na^{+}$ -dependent modulation of mitochondrial  $Ca^{2+}$  via electrogenic mitochondrial  $Na^{+}-Ca^{2+}$  exchange // *J. Physiol.* - 2008. - Vol. 586, №6. - P. 1683-1697.
- 48 Szydłowska K., Tymianski M. Calcium, ischemia and excitotoxicity // *Cell Calcium.* - 2010. - Vol. 47, №2. - P. 122-129.
- 49 Montana V., Verkhatsky A., Parpura V. Pathological Role for Exocytotic Glutamate Release from Astrocytes in Hepatic Encephalopathy // *Curr. Neuropharmacol.* - 2014. - Vol. 12, №4. - P. 324-333.
- 50 Maack C., O'Rourke B. Excitation-contraction coupling and mitochondrial energetic // *Basic Res Cardiol.* - 2007. - Vol. 102, №5. - P. 369-392.
- 51 Mannella C.A. Structural diversity of mitochondria: functional implications // *Ann NY Acad Sci.* - 2008. - Vol. 1147. - P.171-179.
- 52 Yamaguchi R., Perkins G. Dynamics of mitochondrial structure during apoptosis and the enigma of Opa1 // *Biochim Biophys Acta.* - 2009. - Vol. 1787, No 8. - P. 963-972.
- 53 Cheng X., Zhang X., Yu L., Xu H. Calcium signaling in membrane repair // *Semin Cell Dev Biol.* - 2015. - Vol. 45. - P. 24-31.
- 54 Bagur R., Hajnóczky G. Intracellular  $Ca^{2+}$  sensing: Its role in calcium homeostasis and signaling // *Mol Cell.* - 2017. - Vol. 66, №6. - P. 780-788.
- 55 Gleichmann M., Mattson M.P. Neuronal calcium homeostasis and dysregulation // *Antioxid Redox Signal.* - 2011. - Vol.14, №7. - P.1261-1273.
- 56 Zündorf G., Reiser G. Calcium dysregulation and homeostasis of neural calcium in the molecular mechanisms of neurodegenerative diseases provide multiple targets for neuroprotection // *Antioxid Redox Signal.* - 2011. - Vol. 14, №7. - P. 1275-1288.
- 57 Duchen M.R. Mitochondria and calcium: from cell signalling to cell death // *J Physiol.* - 2000. - Vol. 529, №1. - P. 57-68.





**<sup>1</sup>Б.К. Кайрат \*, <sup>1</sup>С.Т. Тулеуханов, <sup>2</sup>В.П. Зинченко**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Институт биофизики клетки РАН, г. Пущино, Россия

\*E-mail: [Bakytzhan.Kairat@kaznu.kz](mailto:Bakytzhan.Kairat@kaznu.kz)

### ОСОБЕННОСТИ КАЛЬЦИЕВОГО ГОМЕОСТАЗА И КАЛЬЦИЕВОЙ СИГНАЛИЗАЦИИ В НЕЙРОНАХ

**Резюме:** Ионы  $Ca^{2+}$  являются основным мессенджером в регуляции физиологических функций клеток. Внутриклеточном пространстве ионы  $Ca^{2+}$  могут свободно в состоянии диффундировать в различных частях цитоплазмы, в то же время значительное количество  $Ca^{2+}$  в связанном виде накапливается в различных внутриклеточных депо или в составе кальций-связывающих белков. Регуляция физиологических процессов с ионами внутриклеточного  $Ca^{2+}$  происходит в диапазоне концентраций  $10^{-7}$  М, тогда как концентрация  $Ca^{2+}$  во внеклеточном пространстве выше и составляет  $10^{-3}$  М, для поддержания градиента концентраций в клетках имеются важные  $Ca^{2+}$  транспортирующие системы плазматической мембраны,

эндоплазматического ретикулума и митохондрий. В нейронах функционируют внутриклеточные ферменты и белки плазматической мембраны для поддержания  $Ca^{2+}$ -гомеостаза и реализации механизмов внутриклеточной сигнализации для обеспечения жизнедеятельности в выживании клеток. Нарушение или гиперактивация одного или нескольких механизмов кальциевой сигнализации может привести к повреждению и гибели нейронов в случае отсутствия компенсаторных механизмов.

**Ключевые слова:** внутриклеточный кальций, ионы  $Ca^{2+}$ ,  $Ca^{2+}$ -каналы,  $Ca^{2+}$ -гомеостаз, глутаматные рецепторы, внутриклеточная сигнализация, гомеостаз.

**<sup>1</sup>B.K. Kairat\*, <sup>1</sup>S.T. Tuleukhanov, <sup>2</sup>V.P. Zinchenko**

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Institute of Cell Biophysics RAS, Pushchino, Russia

\*E-mail: [Bakytzhan.Kairat@kaznu.kz](mailto:Bakytzhan.Kairat@kaznu.kz)

### FEATURES OF CALCIUM HOMEOSTASIS AND CALCIUM SIGNALING IN NEURONS

**Resume:**  $Ca^{2+}$  ions are a key messenger for the regulation of most of the physiological functions of cells. Inside the cell,  $Ca^{2+}$  ions can freely diffuse in various parts of the cytoplasm, but a significant amount of  $Ca^{2+}$  is also bound in various intracellular depots or in the form of calcium-binding proteins. The regulation of physiological processes by intracellular  $Ca^{2+}$  ions occurs in the concentration range of  $10^{-7}$  M, and the concentration of  $Ca^{2+}$  in the extracellular space is higher and is  $10^{-3}$  M, and to maintain this concentration gradient, cells have  $Ca^{2+}$ -transporting systems of the plasma membrane, endoplasmic reticulum

and mitochondria. In neurons, a large number of intracellular enzymes and plasma membrane proteins function to maintain  $Ca^{2+}$ -homeostasis and implement intracellular signaling mechanisms to ensure vital activity in the survival of cells. Violation or hyperactivation of one or more mechanisms of calcium signaling can lead to cell damage and death in the absence of compensatory mechanisms.

**Keywords:** intracellular calcium,  $Ca^{2+}$  ions,  $Ca^{2+}$ -channels,  $Ca^{2+}$ -homeostasis, glutamate receptors, intracellular signaling, homeostasis.



ӨОК 574/577

DOI 10.53065/kaznm.2021.18.24.045

<sup>1</sup>Г.Д.Дәулет, <sup>1</sup>Л.К.Бактыбаева, <sup>1</sup>А.С.Соколенко, <sup>2</sup>А.К.Қыдырбаева, <sup>3</sup>А.С. Қатчибаева<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті<sup>2</sup>С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті<sup>3</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы[daulet.guldana@mail.ru](mailto:daulet.guldana@mail.ru)

+7 702 481 92 10

## ЖАҢА СИНТЕЗДЕЛГЕН ҚОСЫЛЫСТАРМЕН МИЕЛОПОЭЗДІҢ РЕТТЕЛУІН ЗЕРТТЕУ

**Түйін.** Қазіргі таңда онкология саласында науқастарды емдеу мақсатында, әртүрлі сыртқы орта факторларының әсеріне, қолайсыз экологиялық және де тұрмыстық жағдайда стресс факторларының әсер етуіне орай фармацевтикалық нарықта иммуностимуляторлар мен иммуномодуляторларға сұраныс артып отыр. Ал, заманауи иммунофармакологияның мақсаты - ешқандай зиянды әсері болмайтын жаһандық иммуностимуляторларды өңдеу. Зерттеу жұмысының мақсаты жаңа синтезделген қосылыстармен миелопоэздің реттелуін зерттеу болып табылады. Сондықтан жаңа синтетикалық иммуностимуляторларды скринингтен өткізу негізделген. Миелостимульдеуші белсенділікті анықтау үшін салмағы 210-280 г болатын тәжірибелік ақ егеуқұйрықтар қолданылады. Миелостимульдеуші белсенділікті және өткір улылықты зерттеу үшін БИВ шифры бойынша 4 жаңа синтезделген келесі қосылыстар алынды: БИЗ-151, БИЗ-172, БИЗ-175, БИЗ-176. Барлық тексерілген қосылыстардың өткір уыттылық деңгейі 500 мг/кг және одан жоғары деңгейді көрсетті, бұл олардың уыттылығы төмен қосылыстар екенін көрсетті.

**Түйінді сөздер:** иммуностимулятор, иммуномодулятор, эритропоэз, лимфоцитопения, гранулоцитопения.

### Кіріспе

Миелоидты жасушалар - нейтрофилдер, моноциттер, макрофагтар және дендритті жасушалар (ДЖ) - микробқа қарсы қорғаныс пен қабынуда, сондай-ақ ұлпаларды қалпына келтіруде маңызды рөл атқарады. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, ұлпалардың резидентті макрофагтарының кейбір популяциялары (мысалы, мидағы микроглиялар) ерте эмбриогенез кезінде сарыуыз қабығында пайда болады және дамып келе жатқан эмбрион ұлпаларында орналасады, мұнда олар ұзақ уақыт бойы өздігінен жаңарып отыруы мүмкін (тіпті бүкіл тіршілік барысында) [1]. Макрофагтардың басқа ұлпалық популяциялары циркуляциялайтын моноциттерден пайда болады, бастапқыда ұрық бауырында, содан кейін сүйек кемігінде, одан соң қан түзетін гемопэтикалық бағаналы жасушаларында [2]. Нейтрофилдер мен дендриттік жасушалар ГБЖ-дан өндірілген болып табылады.

Жалпы иммуномодуляторлар дегеніміз - имунитетке әсер ететін әр түрлі биологиялық белсенді заттар (заттар), кем дегенде екі жолмен: олар имундық жүйенің (иммуностимуляторлар) функцияларын күшейтеді (жоғарылатады) немесе имундық реакцияны (иммуносупрессанттар) басады (төмендетеді).

Қаңқа бойында орналасқан сүйек кемігі, дененің ең үлкен және белсенді ұлпаларының бірі болып табылады. Гемопэтикалық бағаналы жасушалардан шыққан күрделі дифференциалдану жолдары арқылы сүйек кемігі күн сайын миллиардтаған жаңа лейкоциттер мен қызыл қан жасушаларын шығарады [3-6]. Остеобласттар, хондроциттер, миоциттер, адипоциттер және т. б. Сүйек кемігі қан тамырлы ұлпа болғандықтан, ол қанайналу жүйесінде жаңа жасушалардың тұрақты тасымалы үшін бағытталуды

қамтамасыз етеді. Осылайша, күнделікті сүйек кемігіндегі болатын әр түрлі құбылыстардың кеңдігі таңқаларлық. Күнделікті сүйек кемігінде болатын күрделі жағдайларды ескере отырып, оның ауруға ұшырау күйлері, метаболизмнің өзгеруі және метаболикалық аурулар сүйек кемігіндегі процесті өзгертеді деп ойлау қисынды болып көрінеді. Алайда, аурудың этиологиясында сүйек кемігінің рөлі қажетті деңгейде ескерілмейді. Бірақ, тышқандарда гранулоциттердің бастамашы жасушаларының көбеюі қабыну мен инфекцияға жауап ретінде байқалатыны белгілі [7, 8]. Нашар тамақтану, оның ішінде мырыштың жетіспеушілігі және ақуыздың калориялы жетіспеушілігі, алғашқы имундық ұлпаларды, әсіресе сүйек кемігін өзгертеді [9, 10]. Эндогендік глюкокортикоидтардың жоғары деңгейі стрессті туғыза отырып, сүйек кемігіндегі миелопоэзді күшейте отырып, пре-В және пре-Т жасушалар арасында айқын апоптоздың бастамасы болады [11, 12]. Натрий декстран сульфатымен туындаған колит кезінде сүйек кемігінде эритропоэздің айқын төмендеуі байқалады және моноциттер мен гранулоциттердің өндірілуі жеделдейді, бұл анемияны және осы аурумен бірге жүретін ішек қабынуын күшейтеді. Бұл мысалдар гомеостазды сақтап қана қоймай, сүйек кемігіндегі қан түзу процестері жаңа және әр түрлі физиологиялық процестерге белсенді жауап беретіндігін көрсетеді. Метаболикалық өзгерістерден басқа семіздік созылмалы төмен дәрежелі қабынумен де байланысты, бұл қандағы адипокиндер, қабынуға қарсы цитокиндер, лептин және т.б. өндірілуіне әкеледі. Бұл факторлар жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, гипертония, артрит және инсульт сияқты семіздікпен қатар жүретін бірқатар



аурулардың дамуында белгілі-бір рөл атқарады [13-15].

**Зерттеу материалдары мен әдістері**

Миелостимульдеуші белсенділікті және өткір улылықты зерттеу үшін БИЗ шифры бойынша 4 жаңа синтезделген келесі қосылыстар алынды: БИЗ-151, БИЗ-172, БИЗ-175, БИЗ-176.

Миелостимульдеуші белсенділікті зерттеу - 12-16 апталық, дене массасы 210-280 г. құрайтын лабораториялық жануарларға жүргізілді. Жануарларды топқа бөлу бастапқы дене салмағы бойынша ± 10% -дан аспады. Жануарларды бір тәлімбақтан - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің биологиялық клиникасынан бір уақытта алынды. Тәжірибеге дейін және тәжірибе кезінде бақылау және тәжірибе жануарлары әр торшада 6 особтен бір стандартты жағдайда ұсталынды.

Тәжірибенің барлық түрлері жұмыстың хронобиологиялық принциптерін сақтай отырып және «Биологиялық белсенді заттарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу ережелеріне» сәйкес жүргізілді [Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрінің 19 қарашадағы бұйрығы, 2009 жылғы №745 «Биологиялық белсенді заттарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу ережесін бекіту туралы»]. Таңертеңгі сағат 09:00-де әлсіз эфирлік наркозбен әсер ету арқылы егеуқұйрықтардың орбиталық венасынан қан алынды. Қан анализі зертханалық жануарларға арналған гематологиялық анализаторда «Abacus

junior vet» (Diatron өндірісі, Дания) жүргізілді. Қан лейкограммасын бақылау микроскопиялық және сандық микрографқа арналған SA3300C микроскопында Романовский-Гимза [Giemsa G., 1904] бойынша боялған жағынды микроскопиялық зерттеу жолы арқылы жүзеге асырылды (7x100 үлкейту), бір жағындыға 500 жасуша.


Миелосупрессия цитостатикалық натрий циклофосфамидін енгізу арқылы туындады (Эндоксан Вакстер (Бакстер Онкология ГмбХ) Кантштрассе, 2, Д-33790, Халле/Вестфаллен, Германия, Тіркелген куәлігі П№ 014446/02-2002, сериясы 8G166D) жануарлар физиологиялық ертіндіде еріген циклофосфамидті дене салмағына 30 мг/кг, тәулігіне үш рет 0,5 мл көлемінде қабылдады. Содан кейін, бақылаудың 6,8,10 күнінде күніне бір рет келесі қосылыстар бұлшықет ішіне енгізілді: 1 топтан 4 топқа дейін, БИВ коды бойынша зерттелген қосылыстар 5 мг/кг мөлшерде (барлық зерттелетін қосылыстар үшін еріткіш ретінде физиологиялық ерітінді болды), 0,5 мл көлемінде, жануарлардың 5-ші тобына салыстырмалы препарат ретінде - метилурацилді 0,4 мг/кг мөлшерінде 0,5 мл көлемінде енгізілді, 6-топқа 0,5 мл көлеміндегі - плацебо (физиологиялық ерітінді) және жануарлардың 7-ші тобы интакты болды. Мәліметтерді статистикалық өңдеу Студенттің сенімділік интервалымен жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін зерттелетін қосылыстар А.Бектуров атындағы химия ғылымдарының институтындағы дәрілік қосылыстар лабораториясынан алынды.

Кесте 1 – Зерттелетін қосылыстардың химиялық формуласы және шифры

№	Шифры	Формуласы	Атауы
1	БИЗ-151		Complex of 1-(3-ethoxypropyl)-4-(non-1-yn-1-yl)piperidin-4-yl propionate with β-CD
2	БИЗ-172		1-Phenethylpiperidin-4-one O-(2,6-difluorobenzoyl) oxime hydrochloride
3	БИЗ-175		Complex of (3r,5r,7r)-adamantan-1-yl(4-cyclohexylpiperidin-1-yl)methanone with β-CD



4	БИЗ-176		1-propylpiperidin-4-yl hydrochloride	2-fluorobenzoate
---	---------	---	---	------------------

### Зерттеу нәтижелері

Интакты жануарлардың гематологиялық параметрлері әдеттегі сау жануарлардың көрсеткіштеріне сәйкес болды. Эритроциттердің жалпы көрсеткіші  $(7,09 \pm 0,05) \cdot 10^{12}/L$  қандағы гемоглобинмен  $(138,5 \pm 1,21)$  г/л қанды құрады. Гематокрит көрсеткіші  $(30,95 \pm 0,5)\%$  құрады, бұл қалыпты мәндердің төменгі шегі, бірақ жануарлардан қан алу 12 сағат бұрын тамақтандырылмады және қан алу таңертеңгі уақытта болды. Сондықтан бұл мән қалыпты болып табылады. Лейкоциттердің жалпы көрсеткіші  $(10,74 \pm 0,04) \cdot 10^9/L$  қан, нейтрофилдердің абсолюттік мәні  $(4,13 \pm 0,5) \cdot 10^9/L$  қан және лимфоциттердің абсолюттік мәні  $(5,72 \pm 0,3) \cdot 10^9/L$  қан, лейкограмма көрсеткіштері патогендік микрофлорадан бос жануарларға арналған нормативті шкала шегінде болды. Тромбоциттер саны  $(561,0 \pm 6,71) \cdot 10^9/L$  қан болды, бұл оңтайлы көрсеткіш. Осылайша, ақ зертханалық егеуқұйрықтардың негізгі қан параметрлері нормативті мәндерге толығымен сәйкес болды. Цитостатикалық препарат натрий циклофосфамидін енгізгеннен кейін қан гемограммасында келесі өзгерістер тіркелді. Эритроциттер көрсеткіштері интакты жануарлар  $(7,09 \pm 0,05) \cdot 10^{12}/L$  қан мәнінен  $(4,22 \pm 0,3) \cdot 10^{12}/L$  қанға дейін төмендеуі, яғни 1,68 есе. Гемоглобин деңгейі интакты жануарлар мәнінен  $(138,5 \pm 1,21)$  г/л қаннан  $(78,33 \pm 3,33)$  г/л қанға дейін 1,77 есе төмендеді. Қанның гематокрит көрсеткіші интакты жануарлар мәнінен  $(30,95 \pm 0,5)\%$ -дан  $(22,31 \pm 0,67)\%$ -ға дейін 1,39 есе төмендеді. Средняя концентрация гемоглобина в эритроцитах также снизилась в 1,28 раза. Общий лейкоцитарный показатель со значения интактных животных  $(10,74 \pm 0,04) \cdot 10^9/L$  крови упал до значения  $(3,75 \pm 0,7) \cdot 10^9/L$  крови в 2,86 раза. Эритроциттердегі гемоглобиннің орташа концентрациясы да 1,28 есе азайды. Лейкоциттердің жалпы көрсеткіші интакты жануарлардан  $(10,74 \pm 0,04) \cdot 10^9/L$  қан мәнінен  $(3,75 \pm 0,7) \cdot 10^9/L$  қанға дейін түсті, яғни 2,86 есе төмендеді. Қан лейкограммасындағы лейкоциттердің субпопуляцияларының салыстырмалы көрсеткіштерінің төмендеуі гранулоциттер мен агранулоциттердің абсолюттік мәндеріндегідей маңызды болған жоқ. Бірақ дәл осы гранулоциттік және агранулоциттік лейкоциттердің абсолюттік мәндерінде диагностикалық мәні бар. Абсолюттік

нейтрофильді көрсеткіш мәнінің  $(4,13 \pm 0,5) \cdot 10^9/L$  қандағы мәннен  $(1,22 \pm 0,1)$  мәніне дейін айтарлықтай төмендеуі 3,38 есе байқалды.

Абсолюттік лимфоциттер көрсеткіштерінің интакты жануарлар деңгейінен  $(5,72 \pm 0,3) \cdot 10^9/L$  қандағыдан  $(2,42 \pm 0,01) \cdot 10^9/L$  қанға дейін 2,36 есе төмендеді. Тромбоциттердің жалпы көрсеткіші интакты жануарлардан  $(561,0 \pm 6,71) \cdot 10^9/L$  қаннан  $(267,33 \pm 7,33) \cdot 10^9/L$  қанға дейін 2,1 есеге дейін төмендеді. Осылайша, цитостатикалық натрий циклофосфамидін енгізу нәтижесінде жануарларда лейкоциттер жасушаларының зақымдануымен панцитопения дамыды, ол нейтропения мен лимфопения фонында лейкопения ретінде көрінді. Сондай-ақ эритроциттер мен тромбоциттер жасушаларының барлық көрсеткіштерінің төмендеуі байқалды.

Содан кейін, панцитопения фонында БИЗ сериясының зерттелген қосылыстары енгізілді: БИЗ: БИЗ-151, БИЗ-172, БИЗ-175, БИЗ-176. Бұл қосылыстар тобының миелостимульдеуші белсенділігі жоғары болған жоқ. БИЗ-172, БИЗ-175, БИЗ-176 қосылыстары миелостимульдеуші белсенділік көрсеткен жоқ және қан гемограммасының көрсеткітері плацебо тобының деңгейінде болды.

БИЗ-151 қосылысы салыстырмалы препарат - метилурацилға жол бере, миелостимульдеуші белсенділігі әлсіз болды. Лейкоциттердің жалпы көрсеткіші  $(5,9 \pm 0,6) \cdot 10^9/L$  қан болды және бақылау тобының көрсеткішінен 1,34 есе төмен болды  $(7,92 \pm 0,5) \cdot 10^9/L$  қан.

Қан лейкограммасында салыстырмалы лимфоцитарлы көрсеткіш патологиялық тұрғыдан жоғары болды  $(94,56 \pm 1,9)\%$ , ал гранулоцит-моноцитарлы көрсеткіштер патологиялық тұрғыдан төмен болды  $(1,39 \pm 4,05)$ .

БИЗ-151 қосылысын енгізген топтағы эритроциттердің жалпы көрсеткіші  $(6,96 \pm 0,5) \cdot 10^{12}/L$  қан болды және ол бақылау тобының мәніне ұқсас болды  $(6,66 \pm 0,5) \cdot 10^{12}/L$  қан. Тәжірибелік топтағы гемоглобин көрсеткіштерінің гематокриті, эритроциттердегі орташа гемоглобиннің көрсеткіштері бақылау тобының мәндеріне ұқсас болды. ВIV-151 қосылысын енгізген тәжірибелік топтағы тромбоциттердің жалпыкөрсеткіші бақылау тобының көрсеткішінен асып түсті.



Кесте 2 – Қан гемограммасының көрсеткіштері

Геммограмма көрсеткіштері	WBC, $\cdot 10^9/L$	RBC, $\cdot 10^{12}/L$	HGB, g/L	HCT	MCV	MCH	MCHC	PLT	LYM, $\cdot 10^9/L$	MON, $\cdot 10^9/L$	NEU, $\cdot 10^9/L$	LYM, %	MON, %	NEU, %	RDW-CV	RDW-SD	PDW	MPV	P-LCR	PCT	P-LCC
БИЗ-151	5,90 ± 0,6	6,96 ± 0,5	130,0 ± 12,6	38,0 ± 0,7	54,6 ± 4,8	18,7 ± 0,8	342,0 ± 33,6	823,5 ± 3,5	4,34 ± 0,1	1,48 ± 0,0	0,08 ± 0,0	63,1 ± 1,9	4,05 ± 0,0	1,39 ± 0,0	16,5 ± 0,7	28,65 ± 2,1	9,81 ± 0,1	8,36 ± 0,1	17,45 ± 0,1	0,68 ± 0,0	136,0 ± 1,6
БИЗ-172	4,51 ± 0,1	2,96 ± 0,1	56,5 ± 1,6	15,78 ± 1,5	53,16 ± 3,4	19,28 ± 0,1	363,0 ± 4,1	496,5 ± 6,7	3,98 ± 0,1	0,48 ± 0,0	0,06 ± 0,0	87,5 ± 4,8	11,33 ± 0,1	1,33 ± 0,0	15,05 ± 0,5	28,72 ± 0,7	9,55 ± 0,1	8,16 ± 0,1	16,17 ± 1,6	0,41 ± 0,0	82,0 ± 3,5
БИЗ-175	2,73 ± 0,0	3,00 ± 0,0	57,5 ± 1,5	15,89 ± 0,1	52,89 ± 2,8	19,22 ± 1,2	363,0 ± 3,6	325,0 ± 2,5	2,33 ± 0,1	0,35 ± 0,0	0,05 ± 0,0	85,28 ± 2,5	13,38 ± 1,5	1,51 ± 0,0	15,38 ± 0,8	27,83 ± 0,9	10,11 ± 0,7	7,89 ± 0,1	15,91 ± 0,9	0,26 ± 0,0	49,0 ± 1,7
БИЗ-176	3,53 ± 0,0	3,73 ± 0,0	73,0 ± 1,1	20,27 ± 1,2	54,65 ± 4,5	19,67 ± 1,6	360,0 ± 5,4	242,5 ± 4,5	3,14 ± 0,0	0,38 ± 0,0	0,12 ± 0,0	86,11 ± 1,1	10,94 ± 0,9	3,05 ± 0,0	14,61 ± 0,9	29,55 ± 2,9	8,67 ± 0,1	7,72 ± 0,1	14,44 ± 0,1	0,17 ± 0,1	26,0 ± 1,9
Бақылау	7,92 ± 0,5	6,60 ± 0,5	132,0 ± 4,2	28,2 ± 0,2	42,6 ± 2,3	19,9 ± 0,9	467,5 ± 2,6	228,5 ± 5,5	4,7 ± 0,5	0,48 ± 0,01	2,74 ± 0,01	59,6 ± 0,6	6,25 ± 0,6	34,2 ± 0,2	17,2 ± 0,9	12,55 ± 0,9	8,0 ± 0,0	3,7 ± 0,0	3,6 ± 0,0	5,2 ± 0,0	6,5 ± 0,0
Плацебо	3,75 ± 0,7	4,22 ± 0,3	78,33 ± 3,3	22,31 ± 0,67	53,0 ± 2,3	18,63 ± 3,3	349,33 ± 5,3	267,33 ± 7,33	2,42 ± 0,01	0,0 ± 0,0	1,22 ± 0,1	62,7 ± 6,3	3,0 ± 0,0	34,2 ± 2,3	12,7 ± 1,2	12,63 ± 1,1	5,6 ± 0,0	6,6 ± 0,0	2,8 ± 0,0	3,2 ± 0,0	5,2 ± 0,0
Интакт	10,74 ± 0,4	7,09 ± 0,05	138,5 ± 1,21	30,95 ± 0,5	43,5 ± 0,6	19,45 ± 0,8	446,5 ± 3,5	564,0 ± 6,71	5,72 ± 0,5	0,88 ± 0,01	4,13 ± 0,5	52,4 ± 5,5	8,2 ± 0,9	39,35 ± 6,2	20,95 ± 2,5	19,8 ± 1,3	3,9 ± 0,0	0,0 ± 0,0	3,9 ± 0,0	4,2 ± 0,0	2,8 ± 0,0

**Қорытынды**

Сонымен, БИЗ қосылыстарының арасында БИЗ-172, БИЗ-175, БИЗ-176 қосылыстарында миелостимульдеуші белсенділік болған жоқ. БИЗ-151 қосылысы метилурацил препаратына жол бере, миелостимульдеуші белсенділігі әлсіз болды.

Өткір улы қосылыстар: БИЗ-151, БИЗ-172, БИЗ-175, БИЗ-176 болды.

Барлық тексерілген қосылыстардың өткір уыттылық деңгейі 500 мг/кг және одан жоғары деңгейді көрсетті, бұл олардың уыттылығы төмен қосылыстар екенін көрсетті.

**ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ  
REFERENCES**

1 Hashimoto D, Chow A, Noizat C, Teo P, Beasley MB, Leboeuf M, Becker CD, See P, Price J, Lucas D, et al. Tissue-resident macrophages self-maintain locally throughout adult life with minimal contribution from circulating monocytes. *Immunity*. 2013; 38:792–804. [PubMed: 23601688]

2 Geissmann F, Jung S, Littman DR. Blood monocytes consist of two principal subsets with distinct migratory properties. *Immunity*. 2003; 19:71–82. [PubMed: 12871640]

3 Hardy RR, et al. (2000) B-cell commitment, development and selection. *Immunol Rev* 175:23–32.

4 Rolink AG, Schaniel C, Andersson J, Melchers F (2001) Selection events operating at various stages in B cell development. *Curr Opin Immunol* 13:202–207.

5 Fraker PJ, King LE (2004) Reprogramming of the immune system during zinc deficiency. *Annu Rev Nutr* 24:277–298.

6 Lodish H, Flygare J, Chou S (2010) From stem cell to erythroblast: Regulation of red cell production at multiple levels by multiple hormones. *IUBMB Life* 62:492–496.

7 Ueda Y, Kondo M, Kelsoe G (2005) Inflammation and the reciprocal production of granulocytes and lymphocytes in bone marrow. *J Exp Med* 201:1771–1780.

8 Ueda Y, Cain DW, Kuraoka M, Kondo M, Kelsoe G (2009) IL-1R type I-dependent hemopoietic stem cell

proliferation is necessary for inflammatory granulopoiesis and reactive neutrophilia. *J Immunol* 182:6477–6484.

9 Fraker P, King L (1998) Changes in regulation of lymphopoiesis and myelopoiesis in the zinc-deficient mouse. *Nutr Rev* 56:S65–S69.

10 King LE, Fraker PJ (2002) Zinc deficiency in mice alters myelopoiesis and hematopoiesis. *J Nutr* 132:3301–3307.

11 Trotter MD, Newsted MM, King LE, Fraker PJ (2008) Natural glucocorticoids induce expansion of all developmental stages of murine bone marrow granulocytes without inhibiting function. *Proc Natl Acad Sci USA* 105:2028–2033.

12 King LE, Osati-Ashtiani F, Fraker PJ (2002) Apoptosis plays a distinct role in the loss of precursor lymphocytes during zinc deficiency in mice. *J Nutr* 132:974–979.

13 Hotamisligil GS, Shargill NS, Spiegelman BM (1993) Adipose expression of tumor necrosis factor-alpha: Direct role in obesity-linked insulin resistance. *Science* 259: 87–91.

14 Kern PA, Ranganathan S, Li C, Wood L, Ranganathan G (2001) Adipose tissue tumor necrosis factor and interleukin-6 expression in human obesity and insulin resistance. *Am J Physiol Endocrinol Metab* 280:E745–E751.

15 Hotamisligil GS (2006) Inflammation and metabolic disorders. *Nature* 444:860–867



<sup>1</sup> Г.Д.Дәулет, <sup>1</sup> Л.К.Бактыбаева, <sup>1</sup> А.С.Соколенко,

<sup>2</sup> А.К.Кыдырбаева, <sup>3</sup> А.С. Катчибаева

<sup>1</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби

<sup>2</sup> Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова

<sup>3</sup> Казахская Академия спорта и туризма

## ИССЛЕДОВАНИЕ РЕГУЛЯЦИИ МИЕЛОПОЭЗА С НОВОСИНТЕЗИРОВАННЫМИ СОЕДИНЕНИЯМИ

**Резюме.** В настоящее время спрос на иммуностимуляторы и иммуномодуляторы на фармацевтическом рынке растет из-за влияния различных факторов окружающей среды, неблагоприятных экологических и стрессовых факторов при лечении пациентов в сфере онкологии. А цель современной иммунофармакологии - разработать глобальные иммуностимуляторы, не оказывающие вредного воздействия. Цель исследования - изучить регуляцию миелопоэза с помощью новых синтезированных соединений. Таким образом, будет оправдан скрининг новых синтетических иммуностимуляторов. Для

определения миелостимулирующей активности использовали экспериментальных белых крыс массой 210-280 г. Для изучения миелостимулирующей активности и острой токсичности под шифром БИВ были получены 4 новых синтезированных соединения: БИВ-151, БИВ-172, БИВ-175, БИВ-176. Все испытанные соединения показали уровни острой токсичности 500 мг / кг и выше, что указывает на их низкую токсичность.

**Ключевые слова:** иммуностимулятор, иммуномодулятор, эритропоэз, лимфоцитопения, гранулоцитопения.

<sup>1</sup> G.D. Daulet, <sup>1</sup> L.K.Baktybaeva, <sup>1</sup> A.S.Sokolenko, <sup>2</sup> A.K.Kydyrbaeva,

<sup>3</sup> A.S. Katchibaeva

<sup>1</sup> al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup> Asfendiyarov Kazakh national medical university

<sup>3</sup> Kazakh Academy of sport and tourism

## STUDY OF THE REGULATION OF MYELOPOESIS WITH NEWSYNTHESIZED COMPOUNDS

**Abstract.** Currently, the demand for immunostimulants and immunomodulators in the pharmaceutical market is growing due to the influence of various environmental factors, adverse environmental and stress factors in the treatment of patients in the field of oncology. The goal of modern immunopharmacology is to develop global immunostimulants that do not have harmful effects. The aim of the study is to study the regulation of myelopoiesis with the help of new synthesized compounds. Thus, screening of new synthetic immunostimulants will be justified. To

determine the myelostimulating activity, experimental white rats weighing 210-280 g were used. To study the myelostimulating activity and acute toxicity, 4 new synthesized compounds were obtained under the code BIS: BIS-151, BIS-172, BIS-175, BIS-176. All tested compounds showed acute toxicity levels of 500 mg / kg or higher, indicating low toxicity.

**Keywords:** immunostimulator, immunomodulator, erythropoiesis, lymphocytopenia, granulocytopenia.



<sup>1</sup> Дәулет Г.Д., <sup>1</sup>Бактыбаева Л.К., <sup>1</sup>Соколенко А.С., <sup>2</sup>Беляев Н.Н., <sup>1,3</sup>Молдакарызова А.Ж., <sup>4</sup>Катчибаева А.С.

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

<sup>2</sup> Пастер атындағы Санкт-Петербургтік эпидемиология және микробиология ҒЗИ

<sup>3</sup> С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті

<sup>4</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы

[daulet.guldana@mail.ru](mailto:daulet.guldana@mail.ru)

+7 702 481 92 10

## ЕКІНШІ ИММУНТАПШЫЛЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИММУНОМОДУЛЯТОРЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Түйін:** Бұл мақалада соңғы жылы жүргізілген екінші иммунтапшылығы жағдайында жануарларға жаңа иммуномодуляторды қолдану туралы шолу жүргізілген. Зерттеу жұмысы Ресей және Қытай Республикаларында жаңа иммуномодулятор ретінде стимфорт және *Ganoderma lucidum* (GI-PS) полисахариды циклофосфан фондында қолданылған. Иммуномодуляция қан түзуде маңызды рөл атқарады. Циклофосфамидтің әсерінен туындаған миелосупрессия кезінде миелопоезді белсендіретін ықтимал механизмді зерттеу үшін объект ретінде тышқандар алынған. Цитостатиканы енгізу кезіндегі бұзылыстарды иммуномодуляторлар МЛ көкбауырының сандық және субпопуляциялық құрамын, лимфопоздің орталық және перифериялық органдарының құрылымын, иммунитет жасушаларының эффекторлық функцияларын қалпына келтіруге ие. Қазіргі уақытта *in vivo* және *in vitro* зерттеу барысында иммуномодуляторлар сүйек кемігінің стромальды жасушаларымен таңдамалы байланысатындығын, қан түзудің өсу факторларының бөлінуін ынталандыратынын және гемопозтикалық және стромальды жасушалардың клоногендік белсенділігін күшейтетіндігін, миелосупрессияланған тышқандардағы гемопоздді қалпын келтіретіндігі туралы шолу жасады.

**Түйінді сөздер:** иммуносупрессия, миелосупрессия, циклофосфан, стимфорт, иммуномодуляторлар, *Ganoderma lucidum* полисахариды гематопоз.

Цитостатикалық препараттарды клиникада қолдану мүмкіндіктері олардың гемо-, лимфопозеге және иммундық жауаптарға әсер ету дәрежесі сипатымен анықталады. Циклофосфамидтің (ЦФ) әсерін зерттеу көптеген зерттеу жұмыстарында оның айқын миело және лимфосупрессивтік әсерін көрсетті [1]. Цитостатика әсерінен көбінесе эритроид қатарының ядролы жасушалары және лимфоциттердің бастамашы жасушалары ең көп зардап шегетін, ең азы - гранулоциттердің жас формалары [2]. Пролиферация жасушалары циклофосфамидке айқын сезімталдыққа ие [3]. Бұл цитостатиктің әсері препарат дозасына, сондай-ақ оны қабылдағаннан кейінгі уақытқа тәуелділікпен сипатталады.

Цитостатиктердің әсеріне қатысты соңғы зерттеулер көрсеткендей, аз мөлшерде алкилденетін химиотерапиялық агенттер Т-супрессор субпопуляциясын тежеу арқылы иммуностимуляциялаушы әсер ете алады [4]. Алайда препараттың терапевтік дозалары лимфоидты органдар мен иммунокомпетентті жасушалар санын едәуір азайтуға, сондай-ақ иммундық жауаптың деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді [5]. Бұл нәтижелер қатерлі ісіктерді емдеу кезінде химиотерапия дәрілері мен иммуномодуляторларды біріктіру қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеушілер цитостатикалық дәрілердің әр түрлі дозаларының әсерінен пайда болатын жасушалық құрамын және лимфоидты органдардың морфологиялық өзгерістерін зерттеуге жеткілікті назар аударылмады. Бірқатар зерттеулер әртүрлі табиғаттағы иммуномодуляторлар цитостатиктердің әсерінен кейін лимфоидты жасушалардың сандық және субпопуляциялық құрамын қалпына келтіруге қабілетті екенін көрсетті [6, 7]. Жақында дамыған

отандық иммуномодуляторлардың бірі - стимфорт дәрі-дәрмегі мүшелері мен тіндерінен алынған биологиялық белсенділіктің кең спектрі болып табылады. Авторлар туа біткен иммундық жауапқа бағытталған иммуностимуляциялық әсерді және жоғары вирусқа қарсы потенциалды орнатты [8]. Осыған байланысты осы препараттың клиникалық практикада қолданылатын цитостатиктердің әсерінен болатын өзгерістерді бейтараптандыру қабілетін зерттеу қажет болады. Қазіргі уақытта цитостатиктердің супрессивті әсерінің фондында иммунокоррекция кезінде лимфоидты мүшелердің иммунологиялық параметрлері мен морфохистохимиялық сипаттамалары туралы мәліметтер жоқтың қасы [9].

Бұл жұмыстағы зерттеудің мақсаты - иммуномодуляциялық препарат стимфорттың иммунофенотипке, моноклеарлы лейкоциттердің тышқандардың көкбауырындағы функционалдық сипаттамаларына және циклофосфамидті енгізу арқылы туындаған иммуносупрессия фондындағы лимфоидты органдардағы морфологиялық өзгерістерге әсерін зерттеу болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеулер 105 Balb/c линиялы тышқандарына циклофосфамидті (Ланс, Ресей) және стимфорт препаратын (Биоорганикалық химия институты, Ресей Ғылым академиясы, Ресей) моно-режимде және оларды араластырып қолданумен жүргізілді.

Тәжірибелік жануарлар әртүрлі топтарға бөлінді: 1 топ - бақылау (интактты жануарларға физиологиялық ерітінді енгізілді). 2 топ - индукцияланған иммуносупрессиясы бар тышқандар (иммуносупрессия жануарлардың салмағына 100 мг/кг дозада күнара 4 рет ЦФ интраперитонеальді



инъекциямен енгізілген). 3 топ - 48 сағаттық интервалмен тері астына дене салмағына 100 мкг/кг дозада стимфорт қабылдаған жануарлар тобы. 4 топ - жануарларға дене салмағына 100 мкг/кг мөлшерде тері астына екі рет (48 сағаттық интервалмен) және бір тәулітен кейін құрсақшілік 100 мг/кг мөлшерде 4 рет ЦФ енгізілген.

Мононуклеарлы лейкоциттерді (МЛ) көкбауырдан оқшаулау. МЛ көкбауырдан механикалық ұсақтау әдісімен оқшауланған. 199 ортасымен екі рет сұйылтылған МЛ суспензиясы, фиколл-урографиннің тығыздық градиентінде («Pharmacia», тығыздығы 1,088 г/см<sup>3</sup>) 30 минут ішінде 400 г-да центрифугалайды. МЛ, түзілген интерфазалық сақинаны пипеткамен жиналып, 199 ортада үш рет жуылды. Әр 10 есе көлемдегі ортада әр жуғаннан кейін жасушалар 200г температурада центрифугаланып тұндырылды.

YAK-1 жасушаларын культивирлеу. YAK-1 NK-сезімтал ісік линиясының жасуша нысанын RPMI-1640 ортасында глютаминді, 5% ірі қара сарысуын қоса және 4% CO<sub>2</sub> тұратын 37°C атмосферада өсірілді.

 3 Sovershenstvovanie nacional'noj politiki v oblasti gigieny i obespecheniya bezopasnosti truda [Tekst] / P. Z. Shur [i dr.] // Gigena i sanitariya. - 2015. - № 2. - S. 72-75.

4 Nedoedanie mikronutrientami i istoshhenie u vzroslyh s tuberkulezom legkih s sochetannoj infekciej VICH i bez nee v Malavi [Tekst] / M. Van Lettou // Infekcionnye bolezni BMC. - 2004. -Т. 4, № 1. -S. 1.  
 5 Nedoedanie ot umerennoj do tjazheloj stepeni u bol'nyh tuberkulezom javljaetsja faktorom riska, svjazannym s rannej smert'ju [R., Zaharija, Spidemen M., A.D. Hariset.A// J. Trop. Med. Hyg. - 2002. - 96: 291-294.



Д.Қ. Есекенов, А.Қ. Рахимова

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті

### ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЕМДІК ТАМАҚТАНУ ҰЙЫМДАРЫН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

**Түйін.** Алмасу процестерін қалыпқа келтіруге және ағзаның имунорезистенттілігін арттыруға бағытталған емдік тамақтанудың ғылыми негізделген жүйесі мамандандырылған медициналық көмектің тиімділігіне оң әсер етеді, репаративтік процестердің күшеюіне және организмнің бұзылған құрылымдары мен функцияларын қалпына келтіруді жеделдетуге ықпал етеді. Туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған азық-түлік үлесінің қолданыстағы нормасы өткен ғасырдың 40-шы жылдары әзірленген және диетология мен гастроэнтерологияның соңғы ғылыми жетістіктеріне сәйкес түзетілмеген. Сондықтан

аталған санаттағы науқастардың емдік тамақтану жүйесін жетілдіру туберкулезді емдеудің тиімділігін арттырудың перспективалық бағыты болып табылатыны сөзсіз, бұл осы зерттеудің өзектілігін анықтайды. Бұл жұмыста туберкулезге қарсы мекемелерде емдік тамақтануды ұйымдастырудың қазіргі гигиеналық көрсеткіштері және тамақтанудың гигиеналық нормаларын жақсарту жөніндегі ұсыныстар қаралатын болады. Сонымен қатар, туберкулезге қарсы емдеу кезінде дұрыс тамақтанудың маңыздылығы анықталады.

**Түйінді сөздер:** туберкулез, тамақтану, мекеме, гигиена, емдеу

D.K. Esekenov, A.K. Rakhimova

Asfendiyarov Kazakh national medical university

### HYGIENIC ASSESSMENT OF MEDICAL NUTRITION ORGANIZATIONS IN TUBERCULOSIS INSTITUTIONS

**Resume.** A scientifically-based system of therapeutic nutrition aimed at normalizing metabolic processes and increasing the body's immunoresistance will positively affect the effectiveness of specialized medical care, enhance reparative processes and accelerate the recovery of damaged structures and functions of the body. The current standard of food ration for tuberculosis patients was developed in the 40s of the last century and was not adjusted in accordance with the latest scientific achievements of dietetics and gastroenterology. Therefore, there is no doubt that improving the system of medical nutrition for this

category of patients is a promising direction for improving the effectiveness of treatment of tuberculosis, which determines the relevance of this study. This paper will consider the current hygienic indicators of the organization of medical nutrition in TB institutions and recommendations for improving the hygienic standards of nutrition. In addition, the importance of proper nutrition in treatment against tuberculosis will be revealed.

**Keywords:** tuberculosis, nutrition, institution, hygiene, treatment



ӘОЖ 581.91

DOI 10.53065/kaznmu.2021.47.91.051

Д.К. Айдарбаев, А.Ж. Жарқынбек

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан  
info@kaznpu.kz

### ПЕРСПЕКТИВТИ ДӘРІЛІК ӨСІМДІК *CISTANCHE SALSA* (С.А. МЕУ.) G. ВЕСК ЭТНОБОТАНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

**Түйін.** Мақалада сұңғыланың биологиялық - экологиялық сипаттамасы және этноботаникалық зерттеулері, рационалды пайдалану ұсынымдары қарастырылған. Қазақстанда кездесетін *Cistanche* маңыздылығы тұжырымдалады. *Orobanchaceae* тұқымдасына жататын сұңғыланың халық медицинасында негізгі қолдану аясы анықталды. Фармакологиялық кең спектрлі өсімдік ретінде зерттеулердегі негізгі жетекшілік рөлі көрсетіледі. Сортаңды *cistanche* популяциясына маршруттік-рекогносцировтік жүргізілген зерттеулеріне талдау жасалынып, негізгі орналасқан флористикалық аудандар бойынша жыл сайынғы дайындамаларының таралуы, қорлары мен көлемі анықталды. Алматы облысы Балқаш маңындағы жиналған шикізат дайындамаларының орташа суммарлық көлемін есептеу жүргізілді. Қазіргі кезде ғаламдық жылыну нәтижесінде климаттық жағдайлар өзгеруде, сол себепті көптеген өсімдік түрлері жойылып кетуде. Сондықтан қазіргі таңда өсімдіктерді қорғау және тиімді пайдалану аса өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар халық медицинасында қолданылатын сұңғыланың дәрілік өсімдік ретінде зерттелуі өте маңызды.

**Түйінді сөздер:** шикізат, *Cistanche*, дәрілік өсімдіктер, этноботаникалық зерттеулер, фитопрепарат, ресурс, дайындама.

Дәрілік өсімдіктер фармацевтикалық өнеркәсіп үшін шикізат көзі болып табылады. Табиғаттағы санының есебі, дұрыс эксплуатациясы олардың ұзақ мерзімді пайдалануының маңызды алғышарты [1]. Дәрілік өсімдіктердің көбінесе маңызды шикізат қоры болып аз зерттелген жабайы түрлер екені белгілі. Соның қатарына сортаңды сұңғыла (*Cistanche salsa*) өсімдігін жатқызамыз. Бұл өсімдік ботаникалық жағынан аз зерттелген және фармацевтикалық, фитотерапиялық қасиеті жоғары және бағалы тағам болып та саналады. Дәрілік өсімдіктердің тек 26 % ғана (1500-ге жуық түрі) дәлелденген биологиялық белсенділікке ие және кешенді фитопрепараттар құрамында да, монозаттар ретінде де әртүрлі аурулардың алдын алуда ем ретінде пайдаланылады. Қазақстан флорасы өкілдерінің фармакогностикалық тұрғысынан 667 эндемиктерінің ішінде фитохимиялық зерттеулер тек 20 түрі үшін ғана жүргізілгендігі, ал дәрілік түрлердің өсіп-өнуі белгілі бір географиялық аймағының тек 0,02% ғана жататындығы, дәрілік өсімдіктерді зерттеудің қаншалықты маңыздылығын көрсетеді [2].

*Cistanche salsa* (С. А. Меу.) G.Beck толығымен басқа өсімдік түрлерімен паразиттік қалыпта тіршілік етеді. *Cistanche salsa* - Қазақстанның ресми медицинасында аз зерттелген, пайдаланылмайтын түрлерге, жабайы өсетін дәрілік. *Orobanchaceae* Vent. тұқымдасының шөлдік немесе шөлейттік жерлерде өсетін, *Cistanche* туысының бір өкілі. *Cistanche* туысыңтары солтүстік жартышардың субтропикалық және қоңыржай белдеулерінде таралған. Кешенді химиялық құрамымен ерекшеленуімен Қытайда, Кореяда, Жапония мен АҚШ-та биологиялық белсенді зат ретінде пайдаланылады [3]. Антиоксиданттық белсенділігімен кең спектрлі фитопрепараттарды алу көзі ретінде, сондай-ақ эректильді дисфункцияның

алдын алудың профилактика құралы ретінде қолданылады. Шикізат экспорты Қытай Халық Республикасында өсуі байқалғанымен, онда оның қоры азаюда. 2000 жылдан бастап сортаңды сұңғыла Қытайдың Қызыл кітабына енгізілген. *The Plant list* ботаникалық базасының мәліметтерінің негізінде *cistanche* тұқымдастарының 27 түрі көрсетілген. Сортаңды *cistanche* негізгі қоры (өндірістік) Оңтүстік Балқаш маңында анықталған. Халық медицинасында қолданысқа ие дәрілік өсімдіктердің көпшілік бөлігі жабайы және де жер бетінің шөлейт, шөлді, таулы, қыратты жерлерінде таралған. Сондықтан көбінесе оларды анықтап, зерттеу жүргізу мәселелері қолайсыз жағдайларда орындалады. Тізімге енген түрлердің ішінде кеңінен таралған, 20 флористикалық аймақта, соның ішінде Бетпақдала, Мойынқұм, Балқаш-Алакөлде өседі [4].

Сұңғыла көпжылдық шөптесін өсімдік, биіктігі 10 – 40 см дейін жетеді. Өсімдік түкті, сабақтарының ортаңғы бөлігінің жуандығы 5 – 20 см-ге дейін барады, жоғарғы жағы қабыршақтармен жабылған түкті және бүйірі түкті қылшықтармен жабылған. Гүл тәжінің бойы тегіс болып келген. Сексеуіл (*Haloxylon* Bunge), тамарикс (*Tamarix* L.) және жүзгін (*Calligonum* L.) өсімдіктерінің тамырына бекініп, қоректік заттарын сорып, паразиттік тіршілік етеді [5]. Тұла бойы шырынды, улы емес. Тұқымдары арқылы көбейеді. Сәуір – мамыр айларында гүлдейді. Халық арасында *қасқыржем*, *сұңғыла* деген аттарымен белгілі, себебі қыстан әлсіреп шыққан қасқырлардың осы өсімдікті қазып жеу арқылы өздеріне күш-қуат жинағанын аңшылар бақылап көрген екен. Сұңғыланы емдік қасиеттері үшін жинағанда тұқымын шашқанан кейін жинаған дұрыс, себебі өсімдіктің сол жерде сақталып қалуына мүмкіндік береді. Сұңғыланы гүлдеп тұрған кезінен бастап жинайды, өсімдік түгелдей



пайдаланады. Тамыры болмайды, халық арасында жер асты бөлімдерін «тамыр» деп атайды. Бірақ та ол дұрыс емес, сұңғыланың жер асты бөлімін «столон», яғни «денесі», сабағы деп аталуы керек. Бұл өсімдіктер туысы хлорофиллдің жетіспеуі әсерінен қоректік заттар мен су көзін өздері паразиттік тіршілік ететін өсімдіктердің тамырларынан алады, себебі басқа өсімдіктердің өсіп-өнуіне өте қажет алғышарт – фотосинтез процесі мұнда жүрмейді. Хлорофилл болмағанымен цистанхеда жиі жағдайда басқа да пигменттер байқалып тұрады.

**Жұмыстың мақсаты:** *Cistanche salsa* (C. A. Mey.) G.Beck этноботаникалық зерттеулерін қарастыра отырып, оның шикізат ретінде маңызын зерттеу және оны тиімді пайдалану.

**Материалдар мен әдістемелер.** Зерттеу нысаны: 2016 жылдың сәуір айының басында ресурстық зерттеу мақсатында Алматы облысы, Балқаш әкімшілік ауданының аймағында сортаңды цистанхе популяциясына маршруттік-рекогносцировтік зерттеулері жүргізілді. Алматы облысы Балқаш ауданы Бақанас орманшылығы КММ "Бақанас орман шаруашылығы" (206-207, 213-214, 240-241, 247-248 кварталдары) және Ақжар орманшылығының КММ "Күрті орман шаруашылығы" (77-79 және 80-82 кварталдары) аумағында цистанхенің жыл сайынғы дайындамаларының таралуы, қорлары мен көлемін анықтау бойынша экспедициялық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысында облыс бойынша дайындамаларды жоспарлауға, сондай-ақ аудандардың мамандануына арналған Алматы облысының шағын масштабты (1:1 000000) әкімшілік картасы пайдаланылды. Бақанас орманшылығының зерттелген аумақтарының ауданы 206-207, 213-214, 240-241, 247-248 кварталдары шегінде 21295 га, Ақжар орманшылығының аумағы 77-79 және 80-82 кварталдары шегінде 11097 га құрады. Цистанхе аумағында дайындамаларды жинауға жарамды екі орманшылық кварталдары бойынша жалпы зерттелген суммарлық көлем 32392 га құрайды. Цистанхенің жобалық жабыны орта есеппен 1-2% екенін ескере отырып, цистанхенің алып жатқан

ауданы кемінде 323,92 га. Цистанхенің шикі шикізатының жиынтық пайдалану қоры 380 тонна, оның ішінде Бақанас орманшылығы аумағында 250 тонна, Ақжар орманшылығы аумағында 130 тонна құрады. Шикізатты дайындағаннан кейін цистанхені қалпына келтірудің 4-5 жылдық кезеңін ескере отырып, жыл сайынғы шикізат дайындамалары көлемі 76,0 т шикі шикізаттан аспауы керек, оның ішінде Бақанас орманшылығы аумағында 50 т, Ақжар орманшылығы аумағында 26 т.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Осылайша, ресурстық зерттеу нәтижелері Алматы облысы Балқаш ауданының *Cistanche salsa* зерттелген мемлекеттік орман қоры аумағының жалпы ауданы 32392 га құрады. Зерттелген аумақтағы шикі шикізаттың жиынтық қоры 380 т құрайтынын көрсетті. Зерттелген аумақта жыл сайынғы *Cistanche salsa* шикізат дайындамалары көлемі 76,0 т шикі шикізаттан аспауы тиіс.

*Cistanche salsa* өсімдігінің столондарына жүргізілген фитохимиялық анализдер бойынша бос моносахаридтер, ксилоза, глюкоза, амин қышқылдары анықталған. Биологиялық активті заттардың негізгі топтары *Cistanche salsa* столондарында кездеседі екен. Олар: флавоноидтар, кумариндер, көмірсутегі, амин қышқылдары, органикалық қышқылдар, алкалоидтар, тритерпеноидтар, сапониндер болып табылады. Зерттелген материалдар бойынша тек құрамы мүлдем зерттелмеген десек те болады. *Cistanche salsa* құрамы 90% судан тұрады. Алматы облысы мен Жамбыл облысы территориясында жиналған материалдардың зерттеу жүргізу нәтижесінде әртүрлі цистанхе топтарынан анықталған  $\beta$  –ситостеролдарды ерекше атап өте аламыз. Ол фитостеролдардың маңызды бір тобы және клеткалық мембрананың структуралық компоненті [6].

Фитохимиялық жүргізілген мәліметтерге сәйкес *C. salsa* столондарында 10 макро- және микроэлементтер анықталған [7].

Макро және микроэлементтердің цистанхе столондарындағы құрамы

Элемент	% -дық көрсеткіштері		
	<i>Cistanche salsa 1</i>	<i>Cistanche salsa 2</i>	<i>Cistanche salsa 3</i>
K	31,5%	46,9%	47,1%
Na	22,5%	36,3%	35,8%
Ca	0,8%	10,8%	7%
Mg	6,4%	4,2%	8%

Элемент	мг/кг есептік көрсеткіштері	
	<i>Cistanche salsa 1</i>	<i>Cistanche salsa 2</i>
Al	21,4	66,5
Fe	7,1	43,8
Mn	6	21
Zn	3	4
Cu	5	14





Ni	2	2
----	---	---

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша *Cistanche salsa* әртүрлі дараларының стolonдарында K, Na, Ca элементтерінің көрсеткіштері басқа макроэлементтерден салыстырмалы жоғарылығы байқалады [8].

Фитохимиялық анализдер көрсеткендей цистанхе құрамындағы лигнандар, фенолдар, полисахаридтер, эфир майлары организмге жақсы фитотерапия болып саналады. Дәрілік өсімдікте қандағы қант құрамын реттеп тұратын түрлі гликозидтардың үлкен үлесі байқалған. Дәрілік өсімдіктің организм үшін келесі пайдалы қасиеттерін атап өте аламыз:

- Аурудың қабынуын алдын алу
- Имундық жүйе жұмысын реттеу
- Ісік ауруларының өршуін оқшаулау
- Жұмсақ табиғи іш жүргізетін құрал
- еркін радикалдардың зиянды әсерін бейтараптандыру

Стимуляциялық қасиеттерге, тиімді дисфункцияға ие және бедеулікке көмектеседі. Сондай-ақ, цистанхе бүйректің қабыну ауруларын, нефрогендік артериялық гипертензияны емдеуде өте тиімді. Танымдық функцияны жақсартады (зейін мен ақыл-ой белсенділігі), жалпы қолданыста тоникалық әсерге ие. Сонымен қатар, цистанхе өте жұмсақ әрекет етеді, яғни, жанама әсерлері жоқ және ұзақ уақыт қолдануға жарамды. Цистанхенің жер үсті бөлігі (столон) әсіресе емдік қасиетті. Оны тұнба немесе қайнатылған дайындамалары түрінде қолдануға болады.

Цистанхе өсімдігінің шикізат қорын қарастыру үшін фармакогностикалық зерттеулермен қатар гербарий материалдарымен танысып, осы уақытқа дейін дайындалған гербарийлерімен салыстырмалы қарастырылады. Қазақстанда цистанхе гербарийлері «Ботаника және фитоинтродукция институтында» гербарлық фондта сақталған. Ондағы мәліметтер бойынша *Cistanche salsa* өсімдігінің негізінен 1935-1986 жылдар аралағында жиналған гербарийлері өте көп флористикалық аудандарында кездескен. Алматы облысындағы Балқаш ауданы флористикалық ауданы бойынша жалпы 7 гербарий жасалған. Оның барлығы 1935-1956 жылдарда жиналған өсімдіктер. Жиналған зерттеу объектілерінің негізгі коллекторлары

Н.В.Павлов, Н.И.Рубцов, А.Дмитриева, А.Оразова, Л.Гвоздева болды.

*Сортаңды цистанхе кәсіпшілік массивтерінің рациональды пайдалану ұсынымдары:* Шикізатты (өсімдіктің жер үсті және жер асты бөліктері) гүлдену кезеңінде, сәуірдің екінші онкүндігінен бастап жинай бастайды, жиналған учаскеде гүлдену үлгілерінің кем дегенде 25-30% - ын тұқымдық жаңару үшін қалдыру ұсынылады. Өсімдіктерді жинау тек қолмен табиғи жағдайда, күреппен қазу арқылы ұсынылады. Өсімдікті алып тастағаннан кейін, қалыптасқан шұңқырларды қазып, оларды топырақ бетімен тегістеу керек. Қопаларды жырту арқылы механикаландырылған жинауға жол берілмейді, өйткені цистанхе сексеуілдің тамырына паразит етеді, сондықтан *Chenopodiaceae* тұқымнан шыққан өсімдіктердің тамыр жүйесі зақымдалуы мүмкін. Бұл кейіннен сексеуілдердің жойылуына әкелуі мүмкін. Қазылған өсімдіктер құмнан шайқалады, тез жуылады, бойымен кесіліп, ашық ауада көлеңкеде немесе шатыр астында кептіріліп, матаға немесе қағазға қалыңдығы 5-10 см қабаты қойылады. Өсімдіктер сынғыш болған кезде кептіру тоқтатылады. Түрдің табиғи популяциясын сақтау мақсатында пайдаланылған массивтерде шикізатты қайта дайындауды 4-5 жылдық үзілістен кейін ғана - "тынығу" жүргізу ұсынылады. Цистанхе шикізатын нақты аумақта қайта дайындауды ресурстық тексеру нәтижесінде жасалған қорытынды негізінде ғана жүргізіледі.

**Қорытынды.** Осылайша, Балқаш маңында бұл түрдің шикізат базасының болуы және осы аймақта таралуының анықталған ерекшеліктері Қазақстанның тамақ және фармацевтика өнеркәсібінде пайдалану үшін, сондай-ақ ішкі пайдалану және экспортқа шығару маңыздылығымен аса перспективалы етеді. Цистанхенің кәсіпшілік алқаптарын пайдалану арқасында әр түрлі шайлар мен фитопрепараттардың құрамы теңдестірілген және тұрақты болып келеді. Мұнда жыл сайын жүздеген тонна кептірілген шикізат өңделеді, ол бүкіл әлемде биологиялық активті қосындылар дайындау үшін құнды шикізат, дәрі-дәрмек, косметикалық өнімдер ретінде де сұранысқа ие.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Көкенов М.К., С.М. Әдекенов, Қ.Д. Рахымов, Ә.И. Исамбаев, Б.Н. Сауранбаев. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. Алматы «Ғылым»-1998, - 22 бет.  
 2 Байтенов М.С. Флора Казахстана Родовой комплекс флоры. Том 2.- Алматы, 2001.-279с.  
 3 Исабаев С.О. Эколого-биологические особенности цистанхе сомнительной (*Cistanche ambigua* Hoffm. & Link) саксаульных лесов пустыни Мойынкум: автореф. дис...канд. биол. наук. – Алматы: 2010. – 22с.  
 4 Сарсенбаев К.Н., Исабаев С.О., Колосова Н.Г. Новое полезное растение флоры Казахстана – цистанхе сомнительная // Современное экологическое состояние Приаралья, перспективы решения проблем: мат. международной научной конференции. – Кызылорда, 2011. – С. 195-200.

5 Флора Казахстана. – Т.8. – Алма-Ата, 1956–1966. – С. 151.  
 6 Гемеджиева Н.Г., Ермозанова М.К., Арысбаева Р.Б. Выявление особенностей распространения цистанхе солончаковой в Южном Прибалхашье// Известия НАН РК, Серия Биологическая и медицинская. №1(295), 2013. – С.10-17.  
 7 Гемеджиева Н.Г., Л.М.Грудзинская, Ж.Ж.Каржаубекова, Н.В.Курбатова Ресурсная характеристика хозяйственно ценных растений Прибалхашья.-Алматы,2017.- 125 с.  
 8 Гемеджиева Н.Г., Л.М. Грудзинская, Ж.Ж. Каржаубекова, Н.В.Курбатова Ресурсная характеристика хозяйственно ценных растений Прибалхашья.-Алматы, 2017.- 126 с.



## ADEBIETTER TIZIMI

1 Kөkenov M.K., S.M. Әдеkenov, Қ.Д. Раһымов, Ә.І. Ісәмбаев, В.Н. Сауранбаев. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. Алматы «Ғылым»-1998, - 22 бет.

2 Bajtenov M.S. Flora Kazahstana Rodovoj kompleks flory. Tom 2. - Алматы, 2001.-279s.

3 Isabaev S.O. Jekologo-biologicheskie osobennosti cistanhe somnitel'noj (Cistanche ambigua Hoffmgyet Link) saksaul'nyh lesov pustyni Mojnykum: avtoref. dis...kand. biol. nauk. - Алматы: 2010. - 22s.

4 Sarsenbaev K.N., Isabaev C.O., Kolosova N.G. Novoe poleznoe rastenie flory Kazahstana - cistanhe somnitel'naja // Sovremennoe jekologicheskoe sostojanie Priaral'ja, perspektivy reshenija problem: mat. mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. - Kyzylorda, 2011. - S. 195-200.

5 Flora Kazahstana. - T.8. - Alma-Ata, 1956-1966. - S. 151

6 Gemedzhieva N.G., Ermozanova M.K., Arysbaeva R.B. Vyjavlenie osobennostej rasprostraneniya cistanhe solonchakovoj v Juzhnom Pribalhash'e// Izvestija NAN RK, Cerija Biologicheskaja i medicinskaja. №1(295), 2013. - S.10-17.

7 Gemedzhieva N.G., L.M.Grudzinskaja, Zh.Zh.Karzhaubekova, N.V.Kurbatova Resursnaja harakteristika hozjastvenno cennyh rastenij Pribalhash'ja.-Almaty,2017.- 125 s.

8 Gemedzhieva N.G., L.M. Grudzinskaja, Zh.Zh. Karzhaubekova, N.V.Kurbatova Resursnaja harakteristika hozjastvenno cennyh rastenij Pribalhash'ja.-Almaty, 2017.- 126 s.

**<sup>1</sup>Д.К. Айдарбаева, <sup>1</sup>А.Ж. Жаркынбек**

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

**ЭТНОБОТАНИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕРСПЕКТИВНОГО ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТЕНИЯ CISTANCHE SALSA (C.A. MEY.) G. BECK**

**Резюме.** В статье рассматриваются биологические и экологические особенности цистанхе, а также предусматриваются этноботанические исследования, рекомендации по рациональному использованию. Выявлены некоторые значения Cistanche, которое произрастает в Казахстане. Определена область использования в народной медицине цистанхе из семейства Orobanchaceae. В исследовании показана роль цистанхе, как растения с широким спектром фармакологических свойств. Проведен анализ маршрутно-рекогносцировочных исследований популяции цистанхе, определены распределение, запасы и объемы ежегодных заготовок по основным

расположенным флористическим районам. Проведен расчет среднего суммарного объема заготовок сырья, собранных в Прибалхашье Алматинской области. В настоящее время в результате глобального потепления климатические условия меняются, и многие виды растений вымирают. Поэтому защита и эффективное использование растений является одной из самых актуальных проблем. Также важно изучить цистанхе, используемый в народной медицине как лекарственное растение.

**Ключевые слова:** сырье, Cistanche, лекарственные растения, этноботанические исследования, фитопрепарат, ресурс, заготовка.

**<sup>1</sup>D.K. Aidarbayeva, <sup>1</sup>A.Zh. Zharkynbek**

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

**ETHNOBOTANICAL RESEARCH OF THE PERSPECTIVE MEDICINAL PLANT OF CISTANCHE SALSA (C.A. MEY.) G. BECK**

**Resume.** The article discusses the biological and ecological features of cistanche, as well as provides for ethnobotanical research, recommendations for rational use. Some values of Cistanche, which grows in Kazakhstan, are revealed. The scope of use in folk medicine of cistanha from the family Orobanchaceae is determined. The study shows the role of cistanche as a plant with a wide range of pharmacological properties. Conducted analysis of route-reconnaissance studies of cisterna populations, determined the distribution, stock and volumes of annual preparations for the main

floristic areas. Calculated the average total volume of raw materials collected in the Balkhash region of Almaty region. As a result of global warming, climatic conditions are changing and many plant species are dying. Therefore, the protection and efficient use of plants is one of the most pressing problems. It is also important to study the tanks used in folk medicine as a medicinal plant.

**Keywords:** raw materials, Cistanche, medicinal plants, ethnobotanical research, phytopreparation, resource, blank.



<sup>1,2</sup> Қ.Е. Жүзжан, <sup>2</sup> Д.Қ. Айдарбаева

<sup>1</sup>С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті,

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан,  
d.kaisar@mail.ru

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВТІ ДӘРІЛІК ӨСІМДІК FERULA L. ЖӘНЕ ОНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

**Түйін.** Бұл мақалада Ферула (*Ferula L.*) – *Umbelliferae* (*Apiaceae Lindl.*) тұқымдасына жататын өте бағалы дәрілік өсімдігінің морфометриялық зерттеу барысында алынған мәліметтері берілген. Болашақта флора әлемінің жекелеген түрлерінің генетикалық қорын жойылудан сақтап қалу үшін құнды дәрілік өсімдіктердің бірі - *Ferula L.* қорғау және ұтымды пайдалану мәселелері өзекті. Сасық қурайды ғасырлар бойы көптеген елдер тағамдарға дәмдеуіш пен ащы зат ретінде және халық медицинасында ертеден бері пайдалануда. Ерекше химиялық құрамына қарамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясында ресми тіркелмегендіктен, ең алдымен елімізде өсетін *Ferula L.* өсімдігінің қазіргі заманғы зеттеулер бойынша 180-нен астам түрі бар (Клюйков, 2002). Олардың көптеген түрлері Орталық Азия мен Қазақстан территориясында кездеседі. Сасырдың түрлері қанша болса, оның морфологиялық құрылысында сан алуан. Сондықтанда Түркістан облысының әр аймағында кездесетін сасырдың биоморфометриялық ерекшелігін зерттеу маңызды болып табылады.

Бұл өсімдік гүлденуден кейін толығымен тіршілігін жояды. Сондықтанда өсімдікті гүлдену уақытында жинауға жол бермей, иісі бар сасыр таралған аумақтарды қорғау қажет. Қазіргі кезде сасыр перспективті дәрілік өсімдік, ең көп шоғырланған әртүрлі мүшелердегі яғни тамырлары мен жемісіндегі биологиялық белсенді заттары және оны тиімді қолдану ретінде заманауи жетістіктерге негізделген.

**Түйінді сөздер:** сасық қурай, керуек, *Ferula L.*, *Umbelliferae* (*Apiaceae Lindl.*)

**Өзектілігі:** Жер беті өсімдіктер дүниесіне бай. Дүние жүзінде олардың 350 000-нан аса түрі өседі екен. Ал қолдан өсірілетін мәдени өсімдіктердің түрі 20 000-нан асады. Өсімдік атаулары да басқа кез-келген заттардың атаулары сияқты қажеттіліктен туындаған [1].

Адам белгілі бір өсімдікке атау қойғанда оны өзі сияқты басқа өсімдіктермен шатастырмас үшін, басқалардан ажырату үшін олардың әрқайсысына өзінше жеке атау қояды. Сондай өсімдіктердің бірі сасық қурай. Сасық қурайды ғасырлар бойы көптеген елдер тағамдарға дәмдеуіш пен ащы зат ретінде және халықтық медицинада дәрі ретінде қолданған. Жоғарыда аталып өткен критерийлер мен нұсқаулықтар ұсынылып отырған мақалада баяндалған [2].

Дәрілік өсімдіктер өте ерте заманнан бері емдік мақсаттарда және түрлі аурулардың алдын алу үшін қолданылып келеді. Осындай өсімдіктер қатарына алуан түрлі емдік қасиеттерге ие, шығыс медицинасында ерекше орын алатын, сондай-ақ Еуропа елдерінде емдік қасиеттерімен кеңінен танымал болған сасық қурай (*Ferula foetida*) жатады. Оның емдік қасиеттері құрамындағы түрлі биологиялық белсенді заттар мен макро және микроэлементтердің болуымен байланысты [3].

Биологиялық белсенді заттар (ББЗ) көптеп жиналған өсімдік мүшелерін дәрі жасауға қолданады және дәрілік шикізат болып саналады. Шикізат ретінде жербетіне көрініп тұрған (жапырақ, жапырақ бүршіктері, түйіндер, гүлдер, тұқымдар, жемістер, жеміс қабықтары не жербетіндегі барлық шөптер) және жерастындағы өсімдік бөліктері (тамыры, тамыршалары, тамырқабықтары, тамыржемістері, пиязшық түйнектер) қолданылады [4].

*Ferula foetida* популяциялары арасында өсудің эдафикалық жағдайларымен байланысты жер үсті және жер асты мүшелерінің морфологиялық сипаттамаларының айырмашылықтары белгіленді [5].

Keң байтақ Қазақстан территориясында әлі де болса флоралық зерттелмеген аудандар бар екендігі рас. Солардың қатарына Түркістан облысында кездесетін *Ferula L.* туысына жататын сасық қурай өсімдігі қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие. Адамдар аталған өсімдікті көптеген жылдар бойы дәрілік зат ретінде, және тағам ретінде қолданды, сонымен қатар жануарлар үшін жем-шөп ретінде пайдалы өсімдіктердің бірі [6].

Сасық қурай, жапырақтары өте ірі болып келеді. Гүлдері сары, шатыр секілді болып келеді де, олар бұтақты сабаққа топталып өседі. Биіктігі екі метрге дейін жететін жағымсыз иісті, көпжылдық шөптесін өсімдік. Тамыры етжеңді, өте ірі, жуан, тік бағытталған, жапырақтары күрделі, жапырақтарының жиегі саусақ тәрізді өте терең ойықталған, жапырақ тақтасының астыңғы жағы түкті, үстіңгі беті жылтыр, ұзындығы 15 см, ені 5 см өркен бойынша кезектесіп орналасады. Наурыз-сәуір айлары гүлдейді, жемісі сәуір-мамыр айларында пісіп жетіледі. Тамырының құрамында жағымсыз сарымсақ иісті шайыр (31,4%) және крахмал (61,3%) бар, тазартылып, жуылғаннан кейін тамақ ретінде де пайдаланылады. Жапырағы мен жемісін мал жақсы жейді. Қазақстанның барлық жерінде, тау етегі жазықтарымен, қиыршық тасты-құмды, далалы сұр топырақты тақырларда кездеседі [7].

Қазіргі уақытта Сасық қурай өсімдігінің түрі шамамен 150 түрді қамтиды, олар негізінен Ежелгі Орта Жер аймағында кең таралған. Батыс Сібір, Моңғолия және Қытайға бірнеше түр ғана кіреді. Бұрынғы КСРО аумағында 110 түрі бар. Тәжікстан флорасында осы өсімдіктің 37 түрі кездеседі, оның 22-і поликарпті және 15-і монокарпті. Ресей мен көрші елдердің аумағында соңғы деректер бойынша 104 түрі бар [8]. Сасық қурайдың негізгі отаны - Иран мен Ауғанстан, бұл өсімдік Орталық және Орталық Азияда, Алтай өлкесінде де табылған. Өсімдік, анда-санда жауған жауын-шашынға қарамастан құмдарда өседі [9].







Құнды дәрілік өсімдіктің жойылып кетуден және генофондты сақтау үшін жалпы қасиеттерін, ішкі құрылысын зерттеу аса маңызды.

**Осыған орай, жұмыстың мақсаты:** Түркістан облысында кездесетін *Ferula* L. (сасық қурай) өсімдігінің биоморфометриялық көрсеткішін зерттеу және оны тиімді пайдалану.

**Материалдар мен әдістемелер.** Зерттеу нысаны: Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман

шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, жоғары өсімдіктер флорасы зертханасында Түркістан облысында жиі кездесетін *Ferula* L. туысына жататын *F.assa-foetida* L, *F.karataviensis* (Regel), *F. varia* (Schrenk) Trautv, *F.penninervis* (Regel & Schmalh.) өсімдіктерінің гербарийлері назарға алынды.

Кесте 1 - *Ferula* L. туысына жататын түрлердің морфологиялық көрінісі

			
F.assa-foetida L. №178	F.karataviensis (Regel) №122	F. varia (Schrenk) Trautv, №1935	F.penninervis (Regel & Schmalh.), №6109
Сырдария, Н.В.Павлов	Шымкент, Н.В.Павлов	ЮК обл.Л.И. Рубцов	Қаратау, М.Данилов

Жалпы сасық қурай негізінен Қазақстанның барлық жерінде, тау етегі жазықтарымен, қиыршық тасты-құмды, далалы сұр топырақты тақырларда кездеседі. Әсіресе Түркістан облысы оңтүстіктен солтүстікке 550 км, шығыстан батысқа қарай 40 км-ге созылады. Ол аймақта биік таулармен аласа жазықтықтар қалыпты саналады. Жазықтықтар 300 м төмен жатыр, бірақ 150 м биіктіктен төмен емес, таулардың шыңдары теңіз деңгейінен 4,5 км көтеріледі. Облыс территориясы негізі шөлді зонада орналасқан және оның жазықтықтарының басым бөлігін шөлдер алып жатыр [10]. Климаттық жағдайы қатты континентті: жазыстық және құрғақ, қысы суық, қары аз, ұзақ [11]. Жауын шашыны облыстың тегіс бөліктерінде теңіз деңгейінен 200 м дейін биіктікте 200 мм көтерілмейді, ал таулы аудандарда 1000 м дейін биіктікте 400 мм көтеріледі және оңтүстік шығыс бөліктерінде 800 мм дейін жетеді. Топырақ жабыны таулы-далалы болып келеді, топырағы ашық сұр және қара қоңыр сарғылт.

Жоғарыда айтылғандай, төменгі жағында аумақты жазықтықтары балшықты шөлді [12].

«Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының аумақтарында ғана өсетін емдік қасиеті өте жоғары дәрілік сасық кеуректің шайырын (сағыз) шетелге заңсыз шығару кең етек алып отыр. Айта кету керек, сасық кеурек деген жалпы атпен белгілі өсімдіктің 10-нан аса түрі бар, барлығы да Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Сасық кеурек өсімдігінің шикізаты Үндістан, Пәкістан, Иран, Ауғанстан сияқты елдерде үлкен сұранысқа ие және бұл елдерде осы өнімнің бір кг 100-150 доллар шамасында бағаланады. Ауғанстанда сасық кеурек кезінде аяусыз жиналып, қазіргі уақытта мүлдем жойылып кеткен көрінеді» [13].

#### Нәтижелер мен талқылаулар.

*Ferula* L. туысына жататын өсімдік түрлерінің морфометриясы зерттелді.

Кесте 2 - Морфометриялық сипаттамасы

Түрлері	жеміс			қабырға	
	Ұзындығы мм	Ені мм	Жемістің пішіні	Ені мм	Қалыңдығы мм
<i>F.assa-foetida</i> L	13-23 ±0,2	9-12	Дөңгелек элипс тәрізді	3.12	0,25-030
<i>F.karataviensis</i> (Regel)	5-8±0,2	3-4	Элипстәрізді	0.38-0.46	0.46-0.53
<i>F. varia</i> (Schrenk) Trautv	9-13±0,2	6-7	Элипсті	1.70-1.79	0.19-0.21
<i>F.penninervis</i> (Regel & Schmalh.)	8-10±0,2	4-5	Ұзын элипс тәрізді	1.40-1.44	0.24-0.27

1. *F.assa-foetida* L. – сасық қурай – жалпақ жапырақты, Алматы, Қызылорда, Оңтүстік-Қазақстан және Жамбыл облысында кездеседі. Дәрілік мақсатта

тамырынан және гүлдеген бөліктерінен шығатын ауада кепкен сүттіген шырыны (камедь) қолданылады. Шырын фармакологиялық практикада



“Gummi Assa-foetida” атымен белгілі. Қатқан сүтгіген шырыны смола (9-65%), камеди (12-48%) және эфир майынан (5-20%) тұрады. Смоладан сасыр қышқылы, резен (асарезен), резитанол (асарезитанол) және резинол (асарезинол) және олардың сасыр қышқылымен эфирлері алынады [15]

2. *F.karataviensis (Regel)*- Шектеулі эндемик, көпжылдық монокарпик, эфирероид. Сабағының биіктігі 1м-ге дейін, дөңгелек бұрышталған, жоғарғы бөлігі көп бұтақты. Сырдария, Қаратау жотасы, Ұзынбұлақ, Жалғыз ағаш. КСРО-ның, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Алғашқы табылған орнынан түрді іздестіру, арнайы қатаң тәртіптегі қорықша құру, малдың жайылуын шектеу қажет [15]

3. *F.varia (Schrenk) Trautv*-Іле өзенінің жағасында, Торғай, Сарысу, Бетбақдала, Мойынқұм, Сырдария Қаратауда кездеседі. Халық медицинасында тамырын пайдаланады. бас ауруларында, тырыспа ауруларына және қатерлі ісіктерді емдеуде қолданылады. Құрамында смола (37-40%) және (30-35%) крахмалдан тұрады [15].

4. *F.penninervis (Regel & Schmalh.*- Поликарпик. Алатау, Қаратау және Түркістанда кездеседі. Жер бетіндегі мүшелерінде эфир майы 0,29%, тамырында 0,66%, пісіп жетілмеген тұқымында 0,1%. Эфир майының құрамында α-пинен, β-пинен, γ-терпинен және т.б. заттар кездеседі. Халық медицинасында бас ауруларында, әлсіздікте, суық тиуде және тері ауруларында қолданылады [15].

Жемістер мамырдың аяғында - маусымның басында піседі. Жемісі құрғақ - тамшы, екі жартылай жеміске бөлінеді. 1000 тұқымның массасы 5,42-7,0 г құрайды. Генеративті өсімдіктің дамуы көктемде наурызда басталып, мамырдың аяғында аяқталады. Сасық сасырдың гүлденуі сәуірдің бірінші жартысында басталады және сәуірдің аяғында аяқталады, содан кейін розетка сияқты жапырақтары кеуіп, құрғай бастайды. Маусымның басында тұқымдар піседі, содан кейін жер үсті және жер асты мүшелері тіршілігін жояды.

Кейбір дәрілік өсімдіктердің шикізаты қарқынды және бейберекет жиналуынан, табиғи қорының таусылу қаупі де жоқ емес. Оның үстіне бір түрдің дәрілік шикізатын бір табиғи ортадан жылма-жыл дайындау жалпы тепе-теңдікті бұзады. Республика аймағында сирек кездесетін әсіресе сасық сасыр (*Ferula foetida* L.) қорғауды қажет етеді.

Біздің мақсатымыз отандық және шетелдік мәліметтерге сүйеніп, сасық сасыр өсімдігін тиімді пайдалану.

Сасық сасырды дәрілік мақсатта тамырының жоғарғы жағын аздап тілу арқылы алынған сүтті шырынын (смоласын, ол ауада тез қатаяды) қолданады. Гүлдеп, тұқым беріп тұрған өсімдікке тиіспеу керек, себебі бұл монокарпик, яғни 5-6 жылда бір рет қана гүлдейді. Соңғы жылдары сұранысқа ие болып, ысырапсыз жинаудың әсерінен даламызды жұтатып, азайып бара жатқан дәрілік өсімдіктер – жалаң мия, сасық сасыр, жерсабын немесе ақ қаңбақ, сұңғыланы қорғаудың ерекше маңызы бар.

**Қорытынды.** *Ferula* L. тұқымдасына жататын өсімдік түрлерінің морфометриялық талдау жасау арқылы әрқайсысы өзінің табиғатына сәйкес өсетіндігі, бір түрге жататын өсімдіктің өзі әр аймақта түрленіп өсетіндігін, көбінесе шөлді аймақтарда жапырақтары майда, сабақтары жіңішке, гүлдерінің шатыры сопақша және ұзын элипс тәрізді келетіндігін байқадық.

Бұл туыстың өсімдіктері практикада кең қолданылады. Практикалық қолданыста құрайлар жақсы жем, хош иісті, эфирмайлы өсімдіктері ретінде және аспаздықта тағамдық қоспа ретінде танымал. Сасық құрай өсімдігінің дәстүрлі шығыс медицинасында дәрілік өсімдік ретінде жаңа дәрілік препарат ретінде үлкен келешегі бар. Қазақстанда сасық құрай дәрілік өсімдігі кең таралғанымен, толығымен зерттелмеген. Сондықтанда да сасық құрай дәрілік өсімдігін әрі қарай зерттеу өте маңызды болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мухитдинов Н.М., Мамурова А.Т. Дәрілік өсімдіктер. Алматы 2013-34-35 бет.  
 2 Көкенов М.К., Әдекенев С.М., Қ.Д. Рахымов, Ә.И. Исамбаев, Б.Н. Сауранбаев. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. Алматы «Ғылым»-1998-22 бет.  
 3 Сәтімбеков Р., Келемсейіт Е., Шілдебаев Ж. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлілік. Оқу құралы. –Алматы, Нур-Принт, 2012 – 121 бет.  
 4 Флора Казахской ССР. - Алма-Ата, 1961. – 6 т., 544 с.  
 5 Сафина Л.К.. Ферулы Средней Азии и Казахстана. Алматы. 2012-4-5 бет.  
 6 Байтенов М.С. В мире редких растений.- Алма-Ата, 1986. – 176 с.  
 7 Кокорева И.И. Растения Джунгарского и Зилийского Алатау нуждающиеся в охране.- Алматы, 2007.-212 с.  
 8 Коровин Е.П. Дифференцирующая роль условий существования в эволюции растений: Род *Ferula* L. В

кн.: Растения и среда. Труды лаборатории эволюционной экологии, 1940. – С.237-274.  
 9 Коровин Е.П. Иллюстрированная монография рода *Ferula* (Tourn) L. - Ташкент, 1947. - 91 с.  
 10 Полевая геоботаника. М.-Л.: Изд.АН СССР, 1964. – т 3. – 447 с.  
 11 Полевая геоботаника. М.-Л.: Изд.АН СССР, 1959. – т 1. – 444 с.  
 12 Пименов М.Г., Ключиков Е.В. Зонтичные (Umbelliferae) Киргизии. – М.: Изд-во КМК, 2002. –288 б.  
 13 Dzhanaliev K.M., Budnikova T.I., Viselov I.N. i dr. Fizicheskaya geografi ya Respubliki Kazaxstan – Almaty: Kazaq Universiteti, 1998. – 266 p.  
 14 Қазақстанның Қызыл Кітабы.2 том. 1 бөлім. Өсімдіктер. -228 б.  
 15 Сафина Л.К.. Пименов М.Г. Ферулы Казахстана. Изд. «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата. 1984. 38-58 с.

#### ADEBIETTER TIZIMI

1 Muhitdinov N.M., Mamurova A.T. Dәrilik өsimdikter. Almaty 2013-34-35 bet.

2 Kөkenov M.K., Әdekenov S.M., Қ.Д. Rahymov, Ә.И. Isambaev, B.N. Sauranbaev. Қазақстанның дәрілік



esimdikteri zhəne opyң qoldanylyu. Almaty «Fylym»-1998-22 bet.  
3 Sətimbekov R., Kelemsejit E., Shildebaev Zh. Qazaqstanda erekshe qorqalatyń tabiri aumaqtar zhəne bioaluantyrlilik. Oqu qyraly. –Almaty, Nur-Print, 2012 – 121 bet.  
4 Flora Kazahskoj SSR. - Alma-Ata, 1961. – 6 t., 544 s.  
5 Safina L.K.. Feruly Srednej Azii i Kazahstana. Almaty. 2012-4-5 bet.  
6 Bajtenov M.S. V mire redkih rastenij.- Alma-Ata, 1986. – 176 s.  
7 Kokoreva I.I. Rastenija Dzhungarskogo i Zilijskogo Alatau nuzhdajushhiesja v ohrane.- Almaty, 2007.–212 s.  
8 Korovin E.P. Differencirujushhaja rol' uslovij sushhestvovaniya v jevoljucii rastenij: Rod Ferula L. V kn.: Rastenija i sreda. Trudy laboratorii jevoljucionnoj jekologii, 1940. – S.237-274.

9 Korovin E.P. Iljustrirrovannaja monografija roda Ferula (Tourn) L. - Tashkent, 1947. - 91 s.  
10 Polevaja geobotanika. M.-L.: Izd.AN SSSR, 1964. – t 3. – 447 s.  
11 Polevaja geobotanika. M.-L.: Izd.AN SSSR, 1959. – t 1. – 444 s.  
12 Pimenov M.G., Kljukov E.V. Zontichnye (Umbelliferae) Kirgizii. – M.: Izd-vo KMK, 2002. –288 b.  
13 Dzhanalieva K.M., Budnikova T.I., Viselov I.N. i dr. Fizicheskaya geografi ya Respubliki Kazaxstan – Almaty: Qazaq Universiteti, 1998. – 266 r.  
14 Qazaqstanıń Qyzyl Kitaby.2 tom. 1 bəlim. Əsimdikter. -228 b.  
15 Safina L.K.. Pimenov M.G. Feruly Kazahstana. Izd. «Nauka» Kazahskoj SSR. Alma-Ata. 1984. 38-58 s.

<sup>1,2</sup> Қ.Е. Жүзжан, <sup>2</sup> Д.Қ. Айдарбаева

<sup>1</sup>Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

### ПЕРСПЕКТИВНОЕ ЛЕКАРСТВЕННОЕ РАСТЕНИЕ FERULA L. РАСПРОСТРАНЕННОЕ В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ И ЕЕ ЭФФЕКТИВНОЕ ПРИМЕНЕНИЕ

**Резюме.** В этой статье представлены материалы, полученные при морфометрическом исследовании ценнейшего лекарственного растения рода Ферула (*Ferula L.*) семейства зонтичных (*Apiaceae Lindl.*). *Ferula L.* является одним из ценных лекарственных растений для сохранения генетического фонда других видов флоры в будущем от уничтожения. Вонючая ферула была известна с давних времен во многих странах как приправа и острая добавка, а также и в народной медицине. Несмотря на специфический химический состав, который еще не был зарегистрирован официально в государственной фармакопее Республики Казахстан, мы планируем изучить фитохимический состав растений *Ferula L.*, выращиваемых в нашей стране. Тем не менее, изучение размещения биоморфометрической специфики для определения размещения биологически активных веществ является актуальной проблемой. На основании исследования выяснилось, что вонючая ферула

образует два вида однолетних отростка: розеточные и не розеточные. Выявлено, что после цветения полностью уничтожается жизнеспособность этого растения. Для сохранения популяции дикорастущего лекарственно-травянистого растения, образующего ценоз, необходимо защитить территории, где распространена вонючая ферула, не допуская ее сбора во время цветения. В настоящее время применение ферулы в качестве лекарственного растения будущего доказывается тем, что в ее корнях и семенах содержатся биологически активные вещества в высоких концентрациях. Корни и семена ферулы являются настоящим источником сырья, а целенаправленное использование семян с целью сохранения их естественного прироста свидетельствует о высокой всхожести семян.

**Ключевые слова:** ферула вонючая, керуек, *Ferula L.*, *Umbelliferae (Apiaceae Lindl.)*

<sup>1,2</sup> K.E. Zhuzhan, D.K. Aydarbayeva<sup>2</sup>

<sup>2</sup>Asfendiyarov Kazakh national medical university, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Abai Kazakh National pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

### FERULA L. A PROMISING MEDICINAL PLANT DISTRIBUTED IN THE TURKESTAN REGION AND EFFECTIVE USE

**Resume.** This article presents the materials obtained during the morphometric study of the most valuable medical plant of the genus *Ferula (Ferula L.)* – the *Umbelliferae (Apiaceae Lindl.)*. *Ferula L.* is one of the most valuable medicinal plants for the preservation of the genetic pool of other flora species in the future from destruction. Smelly ferula has been known for centuries in many countries as a condiment and which gives palatable taste to the meal, as well as in ethnoscience since ancient times. Despite the specific chemical composition, which has not yet been officially registered in the State Pharmacopoeia of the Republic of Kazakhstan, we plan to study the physicochemical composition of *Ferula L.* growing in our country. Nevertheless, the study of biomorphometric specificity with the aim to determine the placement of biological active substances is an urgent

problem. Based on the study, it turned out that the smelly ferula forms two types of annual appendages. It was found that after flowering, the viability of this plant will be completely destroyed. To preserve the population of a wild medical herb that forms a cenothesis, it is necessary to protect the areas where the smelly ferula is common, preventing its collection during flowering. Nowadays, the use of ferula as a medicinal plant of the future proves that its roots and seeds contain biologically active substances in high concentrations. *Ferula* roots and seeds are real sources of raw materials, and the purposeful use of seeds concerning that preserving of their natural growth indicates high seed germination.

**Keywords:** stinky Kurai, keruek, *Ferula L.*, *Umbelliferae (Apiaceae Lindl.)*



## РАЗДЕЛ 3. ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ CHAPTER 3. INNOVATIVE TEACHING METHODS



УДК 376.356

DOI 10.53065/kaznmu.2021.68.82.053

<sup>1</sup> G.A. Tussupbekova, <sup>2</sup> A.K. Nurshabayeva, <sup>2</sup> A.M. Rakhmetova, <sup>1,3</sup> A.Zh. Moldakaryzova

<sup>1</sup> B.B. Amanbai, <sup>1</sup> N.B. Isayeva, <sup>1</sup> K.A. Seitkadir

<sup>1</sup> al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan

<sup>2</sup> E.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan

<sup>3</sup> Asfendiyarov Kazakh national medical university

[aijan202@mail.ru](mailto:aijan202@mail.ru)

+7 701 557 52 23

### FORMATION OF COMMUNICATION AND SPEECH SKILLS OF CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION THROUGH VERBAL TEXT ACTIVITIES

**Resume.** This article examines the current state of the problem of the formation of communicative and speech skills in children with mental retardation based on the analysis of psychological and pedagogical literature. According to the analyzed literature, it was found that in most children with mental retardation, all groups of communicative and speech skills realized in the process of oral textual activity are formed at a low level, which is due, on the one hand, to the peculiarities of the mental development of this category of children, including speech, and on the other hand, difficulties in setting and solving certain communicative tasks. Taking into account the peculiarities of the development of communicative and speech skills, the authors consider some diagnostic methods for determining the levels of development of the communicative side of speech, aimed at identifying the formation of the communicative function of speech in children with mental retardation. It is known that the formed communicative and speech skills provide social competence, dialogic communication skills, productive interaction and cooperation with peers and adults. To determine the level of formation of the communicative function of speech in children with mental retardation, diagnostic methods used aimed at identifying: skills of communicative interaction for the diagnosis of communicative, speech skills, and information-content character that provides the content side of the text and expresses the communicative thought as much as possible. Structural and compositional skills that ensure the correct construction of the text. The ability to use not only specific means of expressing one's own thoughts, which ensure the correctness, clarity, richness and stylistic accuracy of speech, but also the ability to use language tools that provide for the finding of means of expressing communicative intent in the most complete and sufficient form.

**Keywords:** children with mental retardation, communication and speech skills, verbal communication.

In order to organize work on the formation of communication and speech skills in the course of oral text activities, it is necessary to resort to certain methods and techniques that ensure the effectiveness of the processes of interpretation and production of texts by primary school pupils with mental retardation [1].

The problem of forming oral communication and speech skills of normally developing schoolchildren presented in the works of M. T. Baranov, T. N. Volkova, N. A. Ippolitova, T. A. Ladyzhenskaya, M. R. Lvov, M. S. Soloveychik, L. P. Fedorenko and others. In many studies, these skills considered based on two main features of the text: connectedness and integrity. In this case, the identity of the child who perceives or evokes the text little taken into account [2].

The analysis of the research of E. S. Slepovich, L. B. Baryaeva, I. N. Lebedeva, E. A. Lapp, N. Y. Boryakova and others shows that communication skills in primary school pupils with mental retardation are also studied in terms of the content, structure and language design of texts [3].

One of the areas of work with pupils' communicative skills is working with text. The creation of texts (words) by pupils one of the most important types of work on the development of communicative speech. The text allows you to reveal the communicative-speech and creative

abilities of a person. We can say that the text is a material for pupils' speech and thinking activities, the result of which is a means of forming and developing the skills of analysis and generalization, expressing their thoughts clearly, logically and argumentatively, and drawing conclusions [4].

The concept of «text activity» introduced into the scientific and practical circulation of T. M. Dridze. He formulated and justified a discipline, a conceptual apparatus and a system of methods for directing socio-psychological research aimed at studying the dynamic, structural and functional aspects of such communication systems as «text-interpreter» [5].

Textual activity is an important mechanism for meaningful communication and involves actions to create and interpret texts (messages). These actions performed continuously by subjects during important communication designed to serve the purposes of appropriate social interaction [6].

Textual activity, being communicative and cognitive in nature, is an independent type of activity based on material and practical activity, with internal motives and goals of communicative-cognitive and emotional qualities, the psychological structure of which is completed. The subject of text activity is the communicative intent of the people



involved. As an action, specific acts of understanding and operation considered, using the means of memorization and language. The main concept of text activity is text as a single communicative cognitive unit. Textual activity based on understanding the problem situation, striving to solve it within the framework of important communication [7]. The text and its dialog city as a single, constructive, question-and-answer multidisciplinary ability to interact requires the use of a certain type of activity, called text activity in science, which includes a set of actions aimed at perceiving, understanding, writing, speaking, and changing the text [8, 9, 10].

Text activity is the basis for organizing the educational process in the classroom. Through text activities (through texts), teacher-student interaction occurs in the educational process aimed at mastering the meta-subject and subject results of mastering the basic educational program of basic general education [11].

Text activity in modern modern methods understood as various types of work with text, and text activity itself considered as a form of speech activity (oral, written). According to N. S. Bolotnova, textual activity is "a system of actions based on knowledge, skills that allow you to create texts and perceive them, interpret them. Since the text is a work of speech, textual activity is mainly speech, but differs from it in the concreteness of goals, tasks, scope and genre of communication, situational arrangement, individual orientation" [12].

N. S. Bolotnova identifies the following types of text activities: Text creation; text perception; interpretation. Text as a product of speech is a universal form of communication. Thanks to the text service, interaction between participants in the educational process carried out [12, 13].

The text service is carried out through the text, in particular, reading and perceiving texts of various types, styles, genres, analyzing and interpreting texts, and creating your own texts. The text can be a connecting link in communication; it carries out interaction between the author of the text and participants in the educational process – the pupil and the teacher, the teacher and the pupil. Work with a text of any content in the lessons (scientific text of linguistic content for mastering language knowledge, artistic or journalistic text, etc.) should be structured in such a way as to encourage participants in the educational process to form and express different positions based on the personal experience of pupils [13]. Text activities contribute to the organization of effective interaction between teacher and student. Text is a unit of communication, the main form of communication in the classroom. The purpose of the text service is to establish a dialogue between the text and readers (students). The technology of the text service aimed at teaching reading, which consists of the following stages: perception, understanding, interpretation (the first text service); training in the compilation of colloquial words linked because of the read text, on a given topic (the second text service), etc. [14].

